

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 206 (9524) || 1954 жылғы 16 октябрь Сенбі || Шығуына 35 жыл, жеке саны 20 тыйын.

## Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылы

Кеше облысымызда партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылы басталды. Өткен оқу жылдары сыяқты жаңа оқу жылы да коммунистердің маркстік-лениндік теорияны қажырлықпен үйрене беруін, партиялық насихаттың СОКП Орталық Комитетінің талаптарына сай, коммунистік құрылыстың міндеттемелерімен тығыз байланыстырыла жүргізілуін тағы да бейнелейтін болады.

Сонымен бірге, жаңа оқу жылының елеулі өзгешеліктері де бар. СОКП Орталық Комитетінің нұсқауларын жүзеге асыра отырып, облысымыздың партия ұйымдары жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарын ерте қолға алып, өткен жылдары орын алып келген ірі кемшілік — партия оқуы жүйесіндегі еріктілік принципінің өрескел бұрмалануын жою жөнінде бірқатар ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Тәжірибеде өзін ақтамаған, өмірге икемсіз, формальді құрыла салған мектептер мен үйірмелер таратылды. Еріктілік принципінің дәйектілікпен жүзеге асыра отырып, көптеген партия ұйымдары коммунистерді партия оқуының түрлеріне орналастырғанда олардың, ең алдымен, жеке тілектері, онан соң өндірістік жұмыстарының сыйнатын, білім дәрежелерін және басқа жағдайларын үнемі ескеріп отырды. Міне, ұйымдастыру жұмыстарының партиялық принципке сәйкес осылай дұрыс жүргізілуі нәтижесінде быйғы жылы үйірмелер мен мектептердің жалпы саны едәуір қысқарып, маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренуші коммунистердің саны өткен оқу жылымен салыстырғанда үш-төрт еседей артты. Бұл — жаңа оқу жылының негізгі өзгешелігі, жаңа оқу жылындағы жаңа жағдай.

Бұл жағдай жаңа оқу жылында партия ұйымдарын коммунистердің оқуына басшылық жасауды мықтап жақсартуға, маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренуші коммунистерге нақтылы көмек көрсетіп отыруды күшейтуге міндеттейді. Облыстың бірқатар партия ұйымдары бұл жөнінде елеулі жұмыстар жүргізді. Мәселен, ҚКП қалалық комитеті өздігінен үйренуші коммунистерге арнап, қалалық партия кітапханасы жанынан лекторий ұйымдастырды. Бұл лекторийге қаладағы таңдауды насихатшылар қамтылып, онда СОКП тарихы, сыртқы саясат, саяси экономика, философия жөнінде әрқайсысынан

телік, мәселен, Конохов ауданындағы Суворов МТС-нің партия ұйымында кездесті. Бұл ұйымның секретары Громов жолдас коммунистердің өздігінен оқуын жоққа шығарып, одан үйірмелер мен мектептердің «анағұрлым артықшылығын» дәлелдемек болған.

Маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренуге тілек білдірген коммунистердің көбеюі — қуанарлық іс. Өйткені бұл жағдай, біріншіден, партия ұйымдарының ұйымдастыру жұмыстарын дұрыс жүргізгенін көрсетсе, екіншіден, облыс коммунистерінің саяси білім дәрежесі артқандығын көрсететін факті. Сондықтан коммунистер оқымайды деп хауіптенуге ешқандай да негіз жоқ. Міндет — оларға көмекті дұрыс ұйымдастыруда. Олардың марксизм-ленинизмді творчестволықпен меңгере беруін қамтамасыз етуде болып отыр.

Лекция марксизм-ленинизмді өздігінен үйренушілерге негізгі көмек болып табылады. Сондықтан қалада, аудан орталықтарында және МТС-тер мен совхоздарда ұйымдастырылған лекторийлердің жұмысын жақсарту қажет. Лекциялық насихаттың дәрежесі лекторлар құрамына, олардың даярлығына, қабілеттілігіне байланысты екені мәлім. Олай болса, лекция оқуға тәжірибелі, білімді насихатшыларды қамтуға ұмтылу керек.

Партия оқуының дәрежесі ең алдымен насихатшылар кадрына байланысты боғандықтан олардың құрамын үнемі жақсартып отыру, білімдері мен тәжірибелерін толықтырып отыру қажеттігі туады. Насихатшылардың семинарлары бұл жөнінде зор роль атқарады. Мұндай семинарларда насихатшыларға тынақты және жан-жақты көмек көрсетуге болады. Ал насихатшылар өздерінің тәжірибелерін ортаға салып, өзара пікір алысуға мүмкіндік алады.

Алайда насихатшылардың семинарларына әлі де немқұрайды қараушылық оның маңызын жете бағаламаушылық фактілері байқалады. Мәселен, ҚКП Совет аудандық комитеті жақында насихатшылардың семинарын өткізді. Бірақ мұнда оқылған лекциялар насихатшыларды қанағаттандырмады. Насихатшыларға арнап лекция оқуға аудан басшылары қатыспады. Ал аудандық атқару комитетінің председатели Живулина жолдас семинарда

## Октябрь мерекесі алдындағы жарыс Паровозшылардың игілікті ісі

СОКП Орталық Комитеті сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының тарихи қарарларымен жігерленген совет халықтары Отанымыздың экономикалық қуатын арттыра беру, қала мен ауыл-село еңбекшілерінің әл-ауқатын және мәдени-тұрмыс дәрежесін көтере беру үшін СССР халық шаруашылығын өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауда жанқиярлықпен еңбек етуде.

Коммунистік құрылыстың осы ұлы программасын жүзеге асыруда халық шаруашылығына және өндіріске қажетті жүктерді көптеп тасымалдау совет темір-жолшыларына жүктеліп отыр.

Міне, осы міндеттерді аброймен орындап шығу үшін Петропавл темір жол торабының, оның ішінде паровоз депосының коллективі өндірістік жоспарды үнемі асыра орындап, еліміздің халық шаруашылығын нырайта беру жолында келелі үлестерін қосуда.

Паровоз депосының коллективі үстіміздегі жылдың тоғыз айы ішінде өндірісте еңбек өнімділігін едәуір арттырып, халық шаруашылығына қажетті жүктерді көп және мерзімінде тасымалдауда елеулі жетістіктерге ие болды. Өткен 9 айда Петропавл станциясынан Есілкөл және Макушин станцияларына 3 миллион 365 мың тонна халық шаруашылығына қажетті жүктер жоспардан тыс тасымалданды.

Осы мерзімнің ішінде паровозшылар 8981 ауыр жүк тиелген составты белгіленген мерзімнен бұрын жеткізді. Мұның өзі паровозшылардың едәуір уақыт үнемдеуіне мүмкіндік туғызды. Демонның барлық паровозшылары еліміздегі ауыр салмақты поездарды алып жүруші еңбек озықтарының жұмыс тәжірибелерін өндіріске кеңінен қолдана отырып, сапарға шыққанда жолдағы станцияларда қосымша су алуға тоқтамастан 10982 составты Макушин және Есілкөл станцияларына белгіленген уақыттан едәуір бұрын жеткізді. Әрбір локомотивтің техника күшінің тиімді пайдаланылуы нәтижесінде депо бойынша 189.928 тонна отын үнемделді.

Бұл күндері депонның паровозшылар

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).

ОКТАБРЬ МЕРЕКЕСІ АЛДЫНДАҒЫ ЖАРЫС: Б. Омарова. — Паровозшылардың игілікті ісі. В. Михайлов. — Жоспардан тыс май өндіру (1-бет).

Б. Жақыпов. — Тұқым дайындаудағы кемшіліктер тезінен жойылсын (1-бет).

ТУҒАН ЕЛІМІЗДЕ (1-бет).

Е. Тайбеков. — Мал қыстатуды ойдағыдай өткізу — мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің маңызды шарты (2-бет).

Ғылыми-атеистік және жарасты тұрмыс насихатын кеңінен өрістетейік (2-бет).

## Тұқым дайындаудағы кемшіліктер тезінен жойылсын

Алдағы жылы Булаев МТС-нің қамтуындағы колхоздарда егіс көлемі быйғығыдан екі есеге жуық ұлғайтылғалы отыр. Мұның өзі тұқымды да өткен жылғыдан көп құюды керек етеді.

Егіннен мол өнім алу мүддесін жүзеге асыру үшін оған тұқымды мол дайындау ғана жеткіліксіз, сонымен бірге тұқым сортты, жоғары сапалы, аудандастырылған болуы керек. Бұл міндетті орындамайынша бітік егін өсіру мүмкін емес.

МТС қамтуындағы егіншілер осы қарғанды білмейді деп айта алмаймыз. Алайда мұнда тұқым дайындаудың барысы өте нашар. Бұған бірнеше мысал келтірейік.

Ленин атындағы колхозда тұқым әзірлеу, оны сақтау ісіне жете маңыз берілмеген. Колхоздың № 1 бригадасында тұқым сақтайтын орын жеткіліксіз болғандықтан көп тұқым талдан тоқылған ескі жалпада сақталды.

Колхозда тұқымның біраз бөлегі қырманда кептірілмей, тазартылмай жатыр. Оларды тазартып, қоймаға тасу жұмысы ұйымдастырылмағандықтан тұқымдық дәннің еңгіштігі кеміп бүлінуде.

Осы жағдайдың барлығы колхоз председатели Рамазанов және колхоздағы МТС-тің агрономы Айсанов жолдасқа әбден белгілі. Солай бола тұрса да олар тұқым құюдағы кемшіліктерді жоюдың шараларын белгілемей келеді.

Жағдай Коминтерн атындағы колхозда да осындай. Мұнда келесі жылы 6 мың гектардай егіс егілуге тиіс. Мұның тең жартысы быйғығы жылы көтерілген тың және тынайған жерлерге егілмек. Колхоз басшылары колхозда бітік егіннің өсуін қамтамасыз ету үшін осы бастан сапалы тұқымның әзірленуін қамтамасыз ете білудері керек еді. Олар бұл жағдайды жете ескермей жүр. Оған 3 мың центнер жаздық бидай тұқымның тазартылмастан ашық қырманда жатқаны толық дәлел.

Бұл колхозда астық тазартатын «ВМ» машинасы және оны жүргізетін мотор да бар. Алайда колхоз председатели Кухаренко және агроном Кучинский жолдас бұл астық тазартқыштың тозулық бойы жұмыс істеуін ұйымдастырмаған.

Сталин атындағы колхоздың қырманна да мың центнерден астам тұқым

ЗЯБЬ ЖЫРТУДА ОЗАТТАРҒА ТЕНЕЛЕЙІК! З. Ташетов. — Жоспардан тыс зябь жұртудамыз (3-бет).

А. Синдицкий. — Жаңа совхоздарда жұмысшылар орта білім алуға (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: С. Қазанбаев. — Оқу үйлерінің жұмысына көңіл бөліңіз. Н. Турдалин. — Жұртшылықтың көмегі орынды пайдаланылсын (3-бет).

М. Қасенов. — Біздің табыстарымыз бен тәжірибелеріміз (3-бет).

БҰҰ Бас Ассамблеясының ІХ-сессиясы: Саяси комитеттің мәжілісінде А. Я. Вышинскийдің сөз сөйлеуі (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Колхоз председатели Свирин жолдас «уақыт әлі жеткілікті, тұқым тазартуға асығатын не бар» деп, бұл істің тыңшылықты жүргізілуін қасақана ұйымдастырмай келеді. Тегі ол сапалы тұқымның жеткіліксіздігінен быйғы колхозда егіс жұмыстарының ұзаққа созылғандығын ұмытпа керек.

МТС қамтуындағы колхоздарда келесі жылдың егісіне сапалы тұқым әзірлеу ісінің жайы осындай. Әлі күнге дейін бірде-бір колхоз сапалы сортты тұқыммен қамтамасыз етілген жоқ. Мұның өзі МТС қамтуындағы колхоздарда алдағы көктемгі егіске әзірліктің нашар ұйымдастырылып отырғандығын толық дәлелдейді.

Бұған агрономдарды да жіңелі деуіміз керек. Олар егіншіліктің мәдениетін арттыру жолындағы күрестің шын мәніндегі ұйымдастырушылары бола алмай жүр. МТС-тің участкелік агрономы Дүшейко жолдас уақыттың күні-түні Буденный атындағы колхозда өткізуде. Бірақ, ол колхозда сапалы тұқым әзірлеу ісіне басшылық жасамай келеді. Тіпті ол бұл еңбекті маңызды істі мүлдем естен шығарған. Егер ол астық өндірісін шұғыл өркендету ісінде шешуші роль атқаратын мәселе — тұқым дайындау ісіне қолма-қол басшылық жасамаса, оның колхозда күні-түні болуынан не пайда.

МТС-тің бас агрономы Писарков жолдас колхоздарда жиі-жиі болады. Ол болған уақытта тұқым құю, құйылған тұқымды тазарту жұмыстарының жайымен жете таныспайды. Ал, бұл жұмыстың тыңшылықты ұйымдастырылуын участкелік агрономдардан қатаң талап етпейді. Егер Писарков жолдас МТС қамтуындағы колхоздарда сапалы тұқым әзірлеу жұмысының қалай жүргізіліп жатқаны жөнінде сұрай қалсаңыз ол:

— Мен көзіргі уақытта МТС директорының міндетін уақытша атқарып жүрмін. Сондықтан тұқым дайындау мәселесімен шұғылдануға уақытым жоқ, — деп жауап береді. Тұқым әзірлеу мәселесіне МТС директоры жете назар аудармаған да бұл іске кім көңіл бөлмек?

МТС қамтуындағы колхоздарда келесі жылы егіс көлемі екі еседей ұлғайтылады деді. Сондықтан бұл МТС-тің және МТС қамтуындағы колхоздардың басшы-



бірге, бұл кітапханада консультант насихатшылардың кезекшілігі ұйымдастырылды. Күн сайын белгілі расписание бойынша кезекші насихатшы теорияны өздігінен үйренуші коммунист лекциядан тыс уақыттарда программалық материалдар бойынша түсініктер беріп отырады. Бұл лекторий кәзір өзінің жұмысын ұйымшылдықпен жүргізуде.

Алайда жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарының барысында кейбір партия ұйымдары партия оқуы жүйесіндегі еріктілік принципіне жете түсінбегендіктен оны әлі де бұрмалауға ұрынуда. Мәселен, кейбір партия ұйымдарында коммунистерді партия оқуының бірде-бір түрімен қамтымай, оларды оқудан түгелге дерлік босатуға ұмтылған фактілер кездесті.

Еріктілік принципі коммунистерді (жасы асқан, көп балалы ана және тағы басқа себептері бар жолдастардан басқа) партия оқуының бірде-бір түрінен босатпайды. Өйткені коммунисті оқуға себепсіз қамтымау, партияның Уставына, онда коммунист өзінің білім дәрежесін үнемі арттырып отыруға, марксизм-ленинизмді қажырлықпен үйрене беруге міндетті деген қағидаға қайшы келеді. Сонымен, коммунист марксизм-ленинизмді үйренуге міндетті. Бірақ ол оны қалай үйренеді, үйірме мен мектепке ме, жоқ өздігінен үйрене ме? Бұл — коммунистің өз еркінде. Партия оқуы жүйесіндегі еріктілік принципі дегеніміздің өзі — қысқаша осы.

Еріктілік принципі жүзеге асыру нәтижесінде маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер саны көбейді дедік. Бірақ кейбір партия ұйымдары бұл көбеюден коммунистер оқудың өздігінен үйрену түрін бетке ұстап, мүлде ештеңе де оқымай қояды деп хауіптенді де, коммунистерді үйірмелер мен мектептерге еріксіз қамтып бастады. Мұндай өрескел қа-

Аудан басшыларының насихатшыларға арнап лекция оқуын үнемі ұйымдастырып отыру қажет. Өйткені олар аудандағы шаруашылық жұмыстарының барысымен, міндеттерімен жете таныс болғандықтан насихатшыларға бай материал бере алады. Бұлай болған жағдайда насихатшылық жұмысты шаруашылық міндеттерімен тығыз байланыстыра жүргізуге зор мүмкіншілік туады.

Партиялық насихат жұмысын жандандыруда партия кітапханалары маңызды роль атқарады. Партия кітапханаларында маркстік-лениндік теорияны өздігінен және үйірмелер мен мектептерде үйренушілерге нақтылы көмектің сан-алуан түрлерін ұйымдастыруға болады. Мәселен, кітапханаларда лекциялар, консультациялар, триналар және басқа да шаралар үлгілі ұйымдастырылып өткізілсе, сөз жоқ, коммунистердің оқуына ынталылығы артады. Ал ынталылық артпаған жағдайда насихат жұмысын ойдағыдай өткізу мүмкін емес. Сондықтан да партия кітапханалары насихат жұмысының шын мәніндегі орталығына, коммунистердің творчестволық лабораторияларына айналуы керек. Ауыл-селолық жерлерде партия кітапханалары жылжымалы консультациялар ұйымдастырғаны жөн.

Партиялық насихаттың күші — оның өмірмен, халқымыздың практикалық істерімен тығыз байланыстылығында. Жаңа теорияшылдық, дүмшелік пен бірсарынды жаттампаздық оған жат. Міндет — насихат жұмысында мұндай кедергілерді жою, сөйтіп, оның идеялық мазмұнының терең болуына жетісу.

Облысымыздың партия ұйымдары насихатшылар армиясына сүйене отырып, партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылындағы маңызды міндеттерді СОБП Орталық Комитетінің талаптарына сай жүзеге асырады.

## Михаил Георгиевич Первухин жолдасқа

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағының Министрлер Советі Сіздің туғаныңызға 50 жыл толған күні Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері Сізді қызу құттықтайды.

Біздің досымыз және жолдасымыз, қымбатты Михаил Георгиевич, совет халқының игілігі үшін, біздің ұлы Отанымыздың игілігі үшін көп жылдар сау-сәлемет болып, онан әрі ойдағыдай жұмыс істей беруіңізге Сізге тілек білдіреміз.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті.

ССР Одағының Министрлер Советі.

## Михаил Георгиевич Первухин жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

ССР Одағының Министрлер Советі Председателінің Орынбасары М. Г. Первухин жолдастың туғанына 50 жыл толуына байланысты оның Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің алдында сіңірген еңбегі еске алынып, Михаил Георгиевич Первухин жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССР Одағының Министрлер Советі Председателі К. ВОРОШИЛОВ

ССР Одағының Министрлер Советі Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль, 13 октябрь, 1954 жыл.

## ЖОСПАРДАН ТЫС МАЙ ӨНДІРУ

Ольгинск май зауыдының коллективі (Октябрь ауданы) мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде және оның сапасын жақсартуда игілі нәтижелерге жетісіп келеді.

Үстіміздегі жылы завод коллективі жылдық өндірістік жоспарды 20 сентябрьге дейін 100 проценттен асыра орындап шықты. Кәзір жоспардан тыс өндірілген жүздеген килограмм жоғары сапалы мал шаруашылығының өнімдері мемлекеттік дайындау орындарына жөнелтілді.

Ольгинск май зауыдының директоры Крутев жолдас: біздің коллектив Ұлы

Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысты барған сайын өрістетіп келеді. Завод ұлы мерекеге дейін 70 центнерден астам жоғары сапалы май, ірімшік сыяқты мал шаруашылығы өнімдерін дайындау орындарына тапсыруға міндеттеніп отыр, — дейді.

Осы аудандағы Семиполка май зауыдының (директоры Савченко-Жолдас) коллективі де мереке күніне дейін жоспардан тыс 30 центнер май өндіруге міндеттеме алды.

В. МИХАЙЛОВ.

жатыр. Колхозда астық қоймаларын салу жоспарланған болатын. Колхоз басшылары жоспарлы құрылыстың салынуын ұйымдастырмады. Мұның ақыры колхозда тұқымдық дәннің қыс бойы жабық қырмазда сақталу қаупін туғызып отыр.

Буденный атындағы колхоз — әлі күнге дейін тұқым тазартуға мүлдем кіріспеген.

## 14 МЫҢ ЦЕНТНЕР

Октябрь ауданының бірқатар колхоздары мемлекетке міндетті астық тапсыруды аяқтап, келесі жылдың егісі үшін тұқым құюға кірісе бастады. «Путь к коммунизму» колхозы 14 мың центнерден астам жоғары кондициялы тұқым

ары тұқым әзірлеу ісіндегі орын алған елеулі көмшіліктерді дереу жоюға міндетті. Сапалы сортты тұқым әзірленген жағдайда ғана егіннен тұрақты өрі мол өнім алуға болатындығын олардың түсіретін уақыттары жеткен болар.

Б. ЖАҚЫПОВ,  
(83 тілшіміз).

Б. ЖАРАСОВ.



# Туған елімізде



## Севастопольді ерлікпен қорғаудың жүз жылдығына арналған кеш

14 октябрьде саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі Бүкілодақтық қоғамның Орталық лекторийінің үлкен залы Москва кәсіпорындарының, мекемелер мен оқу орындарының мыңнан астам жұмысшыларына және қызметшілеріне лық толды. Мұнда Севастопольді ерлікпен қорғаудың жүз жылдығына арналған кеш болды.

Совет Одағының Батыры армия генералы И. Е. Петров кешті аша келіп, 1853—1856 жылдардағы Қырым соғысында орыс халқының шетел басқыншыларына қарсы ерлік күресі туралы айтты. Севастополь қаласын қорғау кезіндегі ұрыстарда солдаттар, матростар және офицерлер

өздерін мәңгі өшпес данққа бөледі. Ол сол сыяқты совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз флоты жауынгерлерінің Ұлы Отан соғысы жылдарында Севастопольді қорғау кезіндегі жасаған ерліктері туралы айтты.

Кеште, 1941—1945 жылдардағы Совет Одағының Ұлы Отан соғысы жылдарында Севастопольді қорғау туралы есте қалғандарын айтты, вице-адмирал И. И. Азаров, генерал-лейтенант И. Ф. Чухнов, вице-адмирал В. Г. Фадеев, Совет Одағының Батыры Л. М. Павличенко, генерал-майор П. И. Мусьяков сөз сөйледі.

Кешке қатысушыларға концерт берілді. (СОТА).

## Кронштадтықтар Севастопольді қорғаудың жүз жылдығын атап өтуде

КРОНШТАДТ, 14 октябрь (СОТА). Қорған теңізшілері және қала еңбекшілері Севастопольді ерлікпен қорғаудың жүз жылдығын кеңінен атап өтуде. Матростар клубында, Балтыканың бөлімдері мен кемелерінде мерекелік кештер болды. Бөлімшелерде және кәсіпорындарында Севастопольді қорғаушылардың ерлігі туралы, орыстың көрнекті адмиралдары П. С.

Нахимов және В. А. Корнилов туралы әңгімелер және баяндамалар өткізілуде. Мерекеге арналған кинофестиваль басталды. «Адмирал Нахимов», «Малахов Курганы» және басқа да картиналар көрсетілуде.


Бүгін кронштадтықтардың делегациясы юбилейді мерекелеуге қатысу үшін Севастопольге жүріп кетті.

## Тюмень облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Тюмень облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Бидай жоспарынан 107,3 процент тапсырылды. Майлы дақылдар тұқымын тапсыру жөніндегі тағайындалған жоспар 139,6 процент орындалды. Облыс колхоздары тапсырылған есептер бойынша МТС жұмысы үшін және мемлекетке сату ретінде әлі де астық тапсыруда. Тұқым себуі

және колхозшылардың еңбекқұнына астық тапсыруды жүргізуде. Мемлекетке жүн, салалы зығыр, картоп және оwoц тапсыру жоспары орындалып келеді.

Облыс колхоздары мен совхоздары күздік дақылдар егу жоспарын агротехникалық қолайлы мерзімдерде 123 процент етіп орындады, зыб жырту және мал қыстатуға әзірлену жұмыстары аяқталуға жуық. (СОТА).




РИГА.

СУРЕТТЕ: Республикалық колхозшылар Үйінің құрылысы. (СОТА-ның фотохроникасы).

## Жылдық жоспар орындалды

ХАРЬКОВ, 14 октябрь. (СОТА). Харьковтің жүнді алғашқы рет өңдеуден өткізетін фабрикасының коллективі барлық өндіріс алаңдарында өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғандағыдан 211 миллион сомның өнімін артық берді.

Фабрика коллективі Ұлы Октябрдің 37 жылдығын өндірістік жаңа жеңіспен қарсы алып отыр, мұнда жылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалды.



Куйбышевгидрострой.

СУРЕТТЕ: СЭС үйінің оң жақ қабырғасына бетон құю. (СОТА-ның фотохроникасы).

## ЖАҢА АПТЕКАЛАР

Астанадағы аптекалардың селі кеңейтілуде. Үстіміздегі жылы Москвада 9 жаңа аптека жұмыс істей бастайды. Таяудағы екі жыл ішінде тағы да 40 аптека ашу белгіленген. Олардың көпшілігі жаңадан салынған үйлердің бірінші қабатына орналастырылатын болады.

1955 жылы ірі галено-фармацевтикалық фабриканың құрылысы басталады. Кәзір Москвада 140 аптека бар.

(СОТА).



# Мал қыстатуды ойдағыдай өткізу — мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің маңызды шарты

Е. ТАЙБЕКОВ,

Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі

Коммунистік партия мен Совет үкметі елімізде азық-түлік товарлары мен өскелең жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасау мақсатымен совет халқының алдына ауыл шаруашылығын онан әрі шұғыл өркендету міндетін қойды. Қазақстан ауыл шаруашылығының еңбекшілері партия мен үкметтің қарарларын жүзеге асыра отырып, тын және тынайған жерлер игеруде елеуді табыстарға жетті. Алайда, бұл табыстарды елімізде астық өндірісін ұлғайту жөніндегі бұйықхалықтық міндетті жүзеге асырудың тек бастамасы деп қана білу керек.

Тын жерлерді онан әрі игеру мал шаруашылығын өркендетуге зор әсер етеді, дөңді жем қорын едәуір ұлғайтады. Еліміздің мүддесі астық өндіруді ұлғайтумен бірге, ет, сүт, жүн және мал шаруашылығын басқа да өнімдерін өндіруді қауырт арттыруды талап етеді. Бұл міндетті орындауға республика партия және совет органдарының, барлық ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күші жұмсалуға тиіс.

Мал шаруашылығындағы неғұрлым жауапты кезең — мал қыстату науқаны жақындап келеді. Бұл жұмыстың ойдағыдай өткізілуі қоғамдық мал санының онан әрі өсуін және малшаруашылық өнімдерін өндірудің ұлғаюын қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары республиканың көптеген қолхоздары мен совхоздары мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарларын және елімізге сүт пен жүн тасыру жоспарларын үнемі орындай алмай келеді. Мемлекетке сапасы төмен ет өткізіледі. Бұл ірі мал мен тәлдің көп шығынға ұшырауынан болып отыр. Нашар күтімнің салдарынан мал қыстан қонынан айрылып, ал кейде мүлдем көтерем болып шығады.

Республикамызда малдың көп шығынға ұшырауы және мал шаруашылығы өнімділігінің төмендігі малдың өне-бойы жеткілікті азықтандырылмайтындығынан болып отыр. Көп қолхоздар мен совхоздарда жай және балғын жемшөп өндіру жоспарлары орындалмайды, жемшөп көбінесе бейберекет жұмсалады. Малшаруашылық қоралары жетіспейді, малды бағып-қуту қанағаттанғысыз ұйымдастырылады.

Бұлар түзетуге келмейтін кемшіліктер емес. Республикамызда малдың шығын дегеннің не екенін білмейтін, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жоспарларын жыл сайын асыра орындап отыратын қолхоздар мен совхоздар аз емес. Бұл қолхоздардың жеткілікті мал қоралары, жай және балғын жемшөбі болады. Бұларда малды неғұрлым тәжірибелі, өз ісін сүйіп атқаратын, жемшөпті малға беруге сапалы әзірлейтін қолхозшылар мен жұмысшылар бағып-қүтеді. Мұндай қолхоздар мен совхоздар ешқашан да мемлекет алдында қарыздар болып көрген емес. Олар малшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарларын уақтылы орындап қана қоймай, сонымен бірге мемлекеттің қаржысын үнемді пайдалануға тырысады.

Бірақ шөп шабу — істің тек жартысы ғана. Шабылған пішенді маялау, мал қыстатылатын жерлерге тасу жұмыстарын жүргізу қажет. Өткен жылы қолхоздар 747 мың гектар жердің пішенін жыйнап алмады, ол бөкестерде және шөмелелерде жатып, қардың астында қалды, сөйтіп бүлініп кетті. Ал, мұның өзі малдың едәуір шығынға ұшырауына әкеліп соқты. Өткен жылдың осындай кемшіліктері быйыл тағы да қайталанып отырғанын атап көрсетпеуге болмайды. Мысалы, 1 октябрьге дейін қолхоздарда 1.636 мың гектар жердің шабылған шөбі, ал совхоздарда 256 мың гектар жердің шөбі маяланбаған.

Шөп шабу мен пішен маялау арасындағы алшақтық тағу күндер ішінде жойылуға тиіс. Пішенді жыйнау, шөмеелеге салу және маялау жұмыстары үшін МТС-тердегі, ММШС-тердегі, қолхоздар мен совхоздардағы барлық тырнауыштар, ысырмалар, пішен жыйнағыш-шөмеелегіштер, маялағыштар және басқалары толық пайдаланылуы керек.

Жемшөпті мал қыстайтын жерлерге уақтылы тасудың маңызы зор. Дайындалған жемшөп жеткілікті болуына қарамастан қолхоздар мен совхоздарда азықтың жоқтығынан едәуір малдың шығынға ұшыраған фактілері аз болған жоқ. Бұл пішеннің базаларға уақтылы жеткізілмеуі салдарынан болды. Өткен жылы Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданында дәл осындай жағдай кездесті. Мұнда жемшөп тасу жұмысымен дер кезінде ешкім шұғылданбады. Ал қыс кезінде бұл іске қолхоздардың барлық күші, барлық тракторлар мен автотракторлар жұмылдырылды, бірақ, далаң қар басып қалғандықтан оның пайдасы аз болды. Мұндай жағдай республиканың басқа облыстарында да орын алды. Алайда, бұдан тиісті қорытынды шығарылмай, бұрынғы кемшіліктер кезінде де қайталанып отыр. 1 октябрьге дейін қолхоздарда дайындалған жемшөптің небәрі 11,4 проценті, совхоздарда 25,2 проценті ғана мал базаларына тасылған. Октябрь — ноябрь айлары ішінде барлық дайындалған пішен мал қыстатылатын жерлерге тасып жеткізілуіне тиіс. Республика Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктерінің басшылары мен мамандарының, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының назары осы міндетті орындауға бағытталуы керек.

Жемшөп қорын толықтырудың маңызды көзі егіннің сабағы мен топаны болып табылады. Быйыл қолхоздарда дөңді және бұршақ тұқымдае дақылдардың 7 миллион тоннадан астам сабағын жыйнауға мүмкіндік бар, мұның өзі қолхоздарда пішен дайындау жоспарының 50 процентіне тең. Жемшөптің осындай мол резерві өткен

жылдың жақсы шығуына байланысты малды жайып семіртуге қолайлы жағдай туды. Бұл мүмкіндік мейлінше толық пайдаланылуы қажет.

Қолхоздар мен совхоздар қолда бағылатын, сондай-ақ жайылым учаске-терінде бағылатын барлық малды түзбен және басқа да минералды азықтармен қамтамасыз етулері керек. Тұтыну кооперацияларының ұйымдары қолхоздарға сату үшін қажетті мөлшерде тұз даярлаулары қажет. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармалары, МТС-тер мен ММШС-тердің директорлары, мал дәрігерлері мен зоотехниктер фермалар мен жайылымдарға минералды азықтардың тасылуына үнемі бақылау жасап отырулары керек.

Дайындалған жемшөпті тексеру және есепке алу, сол сияқты, олардың жұмсалудың нақты бақылау жұмысының шешуші маңызы бар. Өткен жылы жеке аудандарда, қолхоздар мен совхоздарда көз болушылық фактілері орын алғаны мәлім. Дайындалған жемшөп мөлшері әдейі көбейтіліп көрсетілді. Осының салдарынан мал қыстатудың ең жауапты кезеңінде жемшөп жетіспей қалды, ал мұның аяғы малды көп шығынға ұшырауына әкеліп соқты. Өрбір қолхоз бен совхозда жемшөпті қажетінше дайындау және ұқыптылықпен жұмсау — мал қыстатуды ойдағыдай өткізудің кепілі. Соңғы үш — төрт жылда көптеген қолхоздар мен совхоздарда мал қораларының жеткіліксіздігінен, әсересе, жайылым учаске-терінде малдың шығыны көп болып келді. Бұған қарамастан мал қораларын салу үстемізіндегі жылы да артта қалып отыр. Бір-қатар облыстар мен аудандардың басшылары мұның себебі ағаш материалының жеткіліксіздігінде дегенді айтады. Мұның шындығы да бар. Алайда, жергілікті құрылыс материалдарын пайдалану жөнінде ешнәресе жүргізілмей отыр деуге болады.

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарына мал қораларын салу үшін қамысты кеңінен пайдалану қажеттігін уақтылы атап көрсетті. Қамыс республиканың қай жерінде болса да бар, бірақ ол мал қораларының құрылымы үшін аз пайдаланылады. Көптеген қолхоздарда егін жыйнау аяқталып, жұмысшы күшінің босануына қарамастан, әлі күнге дейін құрылыс бригадалары ұйымдастырылмай отыр.

Қыс маусымында, ең алдымен жайылым учаске-терінде малдың толық сақталуы мал қораларының және жемшөптің сақтық қорының жеткілікті болған жағдайында ғана қамтамасыз етіледі. Бұл аса маңызды екі міндеттің орындалуына қыс түскенге дейінгі қалған уақытта барлық күш жұмылдырылуы керек.

Осы мақсатқа сәйкес әрбір МТС пен ММШС-те, қолхоз фермаларында жабдықтарды пайдалану ісіне техникалық басшылық жасау үшін арнаулы мамандар бөлінетін болуы керек.

Кәзіргі уақытта машина-трактор станциялары мен машина-малшаруашылық станцияларында көптеген зоотехниктер мен малдәрігерлік қызметкерлері жұмыс істейді. Мұның өзі станциялардың қолхоздардағы қоғамдық мал шаруашылығының жағдайына жауапкершілігін едәуір арттырады. МТС-тер мен ММШС-тердің әрбір зоотехнигі мен мал дәрігері малдәрігерлік, зоотехникалық шаралардың, ғылым жетістіктерінің және алдыңғы қатарлы мал фермаларының тәжірибесі өндіріске кеңінен енгізілуінің ұйымдастырушылары болуға тиіс.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің елімізде мал шаруашылығын онан әрі өркендету және қолхозшылар, жұмысшылар мен қызметкерлер шаруашылықтарының мемлекетке малшаруашылық өнімдерін міндетті түрде тасыру нормаларын кеміту шаралары туралы, сол сияқты, малшаруашылық өнімдеріне неғұрлым жоғары баға белгілеу туралы қаулысы малшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру күресінде қолайлы жағдайлар туғызады. Совет, партия және ауылшаруашылық органдарының, МТС-тер мен ММШС-тердің міндеті партия мен үкметтің мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі қарарларында белгіленген шараларды қолхозшыларға кең түрде түсіндіру болып табылады.

Жергілікті Советтердің аса маңызды міндеті мал шаруашылығында, әсересе, жайылым учаске-терінде жұмыс істейтін қолхозшыларға мәдени-тұрмыстық жағдайларын қажетінше жасау болып табылады. Қолхозшы-малшылар қыс маусымына керекті жылы киіммен, аяқкиіммен қамтамасыз етілуіне қамқорлық жасап, оларға дәрігерлік қызмет көрсету жұмысы жақсы ұйымдастырылуын, мәдени-ағарту жұмысы жоғары қойылуын, жайылым учаске-терінде өздерінің ата-аналарымен бірге тұратын мектеп жасындағы балалардың толық оқуға тартылуын қамтамасыз ету керек. Жергілікті Советтер қолхоз басқармаларымен бірге қыс маусымында жайылым учаске-терінде мал бағып жүрген қолхозшылармен үнемі тығыз байланыс жасап отыруға, мал қыстатуды ойдағыдай өткізуде оларға практикалық көмек көрсетуге тиіс.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Қолхоздар мен совхоздарда 1954—1955 жылдары мал қыстатуға әзірлену және оны өткізу жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулысы барлық қолхоздарға, совхоздарға, қолхозшыларға, МТС-тер мен ММШС-тердің, совхоздардың қызметкерлеріне және ауыл шаруашылығы мамандарына толық жеткізілуі қажет. Бұл істе октябрь айы-

## ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошиловтың Англияның парламент мүшелері делегациясын қабылдауы

14 октябрьде ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошилов лорд Коулрейн бастаған Англияның парламент мүшелері делегациясын қабылдады.

К. Е. Ворошилов ССРО Жоғарғы Советінің шақыруымен Совет Одағына келген ағылшын парламентінің мүшелері делегациясын құттықтады.

Бұған жауап ретінде лорд Коулрейн делегацияны жылы жүзбен қарсы алғандығы үшін алғыс айтты және ағылшын парламенті делегациясының ССРО-да болуын ағылшын және совет халықтарының арасындағы өзара түсінісушіліктің күшеюіне және достық қатынастардың нығайтуына көмектесетіндігіне сенім білдірді.

Шын пейілді жағдайда өтіп, бір сағатқа жуық созылған әңгімеден кейін К. Е. Ворошилов делегацияның мүшелеріне олардың бейбітшілікті нығайтуға барып-талған жұмысында ең жақсы табыстарға жетуіне тілек білдірді.

Қабылдауда ССРО Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары А. А. Громыко және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Секретарының орынбасары А. Ф. Горкин болды.

Қабылдауда мұнымен қатар Великобританияның ССРО-дағы төтенше және полномочиелі елшісі У. Хэйтер болды.

## Ғылми-атеистік және жарасты тұрмыс насихатын кеңінен өрістетейік

Қалалық партия активінің жыйналысынан

Жуырда болып өткен қалалық партия активінің жыйналысында қала еңбекшілері арасында ғылми-атеистік насихатты және жарасты тұрмыс насихатын жақсарту жөніндегі шаралар туралы мәселе талқыланды.

Бұл тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасаған КЖП қалалық комитетінің секретары Попов жолдас және жарыссөзде сөз сөйлеуші жолдастар капитализмнің қалдықтарына қарсы, соқыр сенімдерге қарсы күрес жүргізудің бірінші дәрежелі маңызы бар екеніне ерекше назар аударды. Соңғы кезде қала партия ұйымы дінге, күні өткен зиянды ескі әдет-ғұрыптарға қарсы күресті, ғылми-атеистік насихатты, жарасты тұрмыс насихатын әлсіретіп алды. Дін адамдары мұны пайдаланып, сана-сезімі артта қалған кейбір адамдар арасындағы жұмыстарын жандандыра бастады. Сана-сезімі артта қалған адамдар дінің шырғауына оралып, орта ұстау, мешітке, піркеуге бару, дін мейрамдар күндері жұмыстан қалу сияқты зиянды әдеттерден арыла алмай жүр.

Жыйналыста айтылғандай, ескі әдет-ғұрыптардың жандана бастауы кәсіп-орындары мен мекемелерде, еңбекшілер арасында ғылми-атеистік насихаттың дәрежесі төмен, мәдени-ағарту мекемелерінің, оқу орындарының, денсаулық сақтау орындарының бұқара арасындағы түсінік жұмыстарының жеткіліксіз дәрежеде болуынан деуіміз керек. Үстемізегі жылы қалада ғылми-атеистік тақырыпта небары 43 лекция ғана оқылды. Соның өзінде кейбір лекциялардың мазмұны өте қанағаттанғысыз болып жүр. Мәселен, облыстық мәдениет басқармасының лекциялық бюросының лекторы Дивинский жолдастың «Марксизм-ленинизм дін туралы» деген тақырыптағы лекциясы 29 бет қарағжа жазылған. Оның осынына ұзақ лекциясын жергілікті жердің өмірімен бай-

салдарынан көшелер мен қоғамдық орындарда тәртіпті бұзу, жұмысқа кезінде шықпау сияқты фактілер жиіленді. Кейбір партия, кәсіподақ ұйымдарының, кәсіпорындары мен мекемелердің басшылары маскүнемдерге қарсы батыл күрес жүргізудің орнына, оларды қорғап қалуға тырысады. Мәселен, Киров атындағы заводтың жұмысшысы Кручинин драма театрына мас болып келіп, тәртіпті бұзған. Алайда, заводтың басшылары заң орындарына Кручинин жөнінде жақсы мінездеме жазып, оның айыбын ақтауға тырысты. Біздің тұрмысымызға жат, еңбек тәртібін бұрмалау, маскүнемдікке салыну сияқты зиянды әдеттермен кейбір коммунистер мен басшы қызметкерлер де әуестеніп жүр.

Коммунист Орловский жолдас өзінің сөзінде паровоз депосының басшыларын батыл сынға алды. Ол депода кейбір жұмысшылар маскүнемдікке салынып, еңбек тәртібін бұзғандығы жөнінде мысалдар келтірді. Депоның бастығы Поляков, партия комитетінің секретары Писаков жолдастар жұмысшылар арасында тәрбие жұмыстарын, олардың мәдениетті тынығуын тиісті дәрежеде ұйымдастыра алмай отыр.

ҚКЖО қалалық комитетінің секретары Шәкіров жолдас комсомол ұйымдарының жастарды жарасты тұрмысқа тәрбиелеу жөніндегі міндеттеріне тоқталды. Коммунистік тәрбиенің нәтижесінде қала жастары, оның алдыңғы отряды — комсомол еңбекте және тұрмыста өнеге көрсетіп келеді. Жастардың өскелең рухани тілегін қанағаттандыру үшін біз мәдени-ағарту, тәрбие жұмыстарын барған сайын жақсартуға беруіміз керек. Солай бола тұрса да, жасыратыны жоқ, кейбір кәсіп-орындарында жастардың мәдениетті дем алуы жөнінде қажетті жағдайлар жасалмай отыр. Мәдени-ағарту мекемелерінде,



алу орындарына едәуір мөлшерде мал шаруашылығы өнімдерін сатып отырады.

Ауыл шаруашылығы малдарын төз есебінен өсіру және оның өнімділігін арттыру міндетін ойдағыдай шешудің негізі малды, әсіресе, қыс маусымында мол және әртүрлі жемшөппен қамтамасыз ету болып табылады. Алайда колхоздар мен совхоздарда жемшөп дайындаудың көзіргі барысы үлкен қауіп туғызып отыр. Республикада жай жемшөп дайындау жоспары әлі көп орындалмай отыр. 1 октябрьге дейін колхоздарда пішен дайындау жоспары 60,7 процент, ал жайылым учаскторінде жай жемшөптің сақтық қорын жасау жоспары небәрі 49,6 процент қана орындалды.

Жемшөп дайындау жайы, әсіресе, Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында мүлдем нашар. Жемшөп дайындауда Ақтөбе, Кекшетау, Қостанай, Павлодар, Орал, Гурьев және басқа да совхоз трестері елеулі артта қалып келеді.

Бұл колхоздар мен совхоздарда егін жыйнау және астық дайындау кезінде жемшөп дайындау жұмысына нашар көңіл бөлінгенінен болып отыр. Сөз жоқ, егін жыйнау және астық дайындау аса маңызды мемлекеттік міндет болып табылады. Бірақ ол ешбір жағдайда пішен дайындау қарқынын төмендетуге негіз бола алмайды. Республиканың барлық партия, совет, ауылшаруашылық органдары, қоғамдық малға өздерінің жауапкершілігін сезінуге, сөйтіп, қыс түскенге дейінгі қалған уақыт ішінде колхоздар мен совхоздарда барлық малды жемшөппен толық қамтамасыз ету үшін не керекті шараның бәрін жасауға тиіс.

Көзір шөбі жыйналмаған кең көлемді шабындықтар бар. Жазғы және күзгі жауын шөптің өсуін едәуір жақсартты. Барлық пішен жыйнайтын машиналарды жақсы пайдалану, егін жыйнаудан босаған жұмысшы күшін шөп шабуға шығару арқылы жол берілген кемшілікті тез түзетуге және жемшөптің мол қорын дайындауға әбден болады. Қысқы жайылым учаскторінде жемшөптің сақтық қорын жасау мақсатымен олардың өздерінде пішен дайындау жұмысына ерекше назар аудару қажет. Барлық колхоздар мен совхоздар малдың пішенмен толық қамтамасыз еті-

жылдарда өте аз мөлшерде пайдаланылып келді. 1953 жылы қоймбайдармен 5,564 мың гектар дөңді дақылдар жыйналды; бірақ, небәрі 2.605 мың гектар жердің ғана сабаны мен топаны маялады. 2 миллион тонна сабан орнына, 872 мың тонна сабан ғана жыйналды, яғни бұл жоспардың 42,6 проценті ғана. Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында көп аңыздың сабаны босқа шіріді. Ал, қыс кезінде жемшөп жеткіліксіздігінен колхоздар едәуір малынан айрылды.

Быйыл 1 октябрьге дейін 356,9 мың тонна ғана сабан дайындалды, бұл жоспардың небәрі 7,8 проценті. Совет, партия, ауылшаруашылық органдары, колхоздар, МТС-тер мен ММНС-тер және совхоздар сабан-топанды бағаламаушылықты біржолата қоюлары керек. Барлық сабан мен топанды дереу жыйнау, оларды мал қыстатылатын жерлерге тасып жеткізу жұмыстарын шұғыл жүргізу қажет. Тиісті алдын ала әзірлеуден, дәмделуден өткен сабан мен топан жемшөп ресурсын едәуір толықтырады, малдың жемшөп рационының құрамы әртүрлі болады.

Колхоздар мен совхоздарда көп мөлшерлі дән қалдықтары жыйналады. Бұлар уақтылы жыйналып, ұсақталған күйінде мал азығы үшін пайдаланылатын болуы қажет. Колхоздар, МТС-тер мен ММНС-тер және совхоздар сабан тұрайтын және бұлайтын, күнжараны дәмдейтін, дөңді ұсақтайтын барлық жабдықтарды іске қосуға дайындап қоюға міндетті.

Балғын жемшөп балансында сүрлемнің алатын орны үлкен. Быйыл бұл бағалы жемшөп өткен жылға қарағанда едәуір көп дайындалуға тиіс. Бұл үшін барлық мүмкіндік бар. Колхоздардың, МТС-тер мен ММНС-тердің және совхоздардың міндеті барлық сүрлемнің дақылдарды уақтылы жыйнау, қант қызылшасының, бақша дақылдарының, картоптың жапырағын, сондай-ақ күнбағыс пен қауіпсіз қалдықтарын сүрлеу үшін пайдалану қажет. Тамыржеміс, жемшөптік бақша дақылдарының уақтылы жыйналуы үшін барлық күш жұмсалыуы керек. Сол сияқты, қант және спирт заводтары шығарған өнімнің қалдықтары мен сығындылары колхоздарда толық пайдаланылатын болсын.

Малды қыстан жақсы шығаруда оның бұл маусымға қоңды күйінде келуінің де маңызы аз емес. Быйыл жайылымда шөп-

Мал қыстатуға әзірлік ісінде малды суаттармен қамтамасыз ету ісінде де үлкен маңызы бар. Су шаруашылығы министрлігі, жергілікті сушаруашылық органдары қайткен күнде де құдықтар қазу жоспарларының орындалуын қамтамасыз етуге, сөйтіп, қоғамдық малды суаттармен қамтамасыз ету ісінде колхоздарға мейлінше көмек көрсетуге міндетті.

Ауылшаруашылық органдары, малдәрігерлік және зоотехникалық қызметкерлер, МТС-тер мен ММНС-тер, совхоздар малдың түрлі ауруларының жойылуын, мал қыстарды басталағанда дейін барлық малды дәрігерлік қараудан өткізуді ұйымдастырулары керек. Өйткені, ауру мал қысқа төзімсіз келеді, сау малды ауруға шалдықтырады, қыстан арықтап шығады немесе шығын болады.

Мал қыстатуға әзірлік жұмысымен бірге, ауылшаруашылық органдары, МТС-тер мен ММНС-тер, барлық зоотехникалық қызметкерлер қой шағылыстыруды ұйымшылдықпен өткізуге күш жұмсаулары қажет. Өйткені, бұл шара мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің және қой санын өсіру, 1955 жылы жүн өндіруді арттырудың кепілі болып табылады.

Көзіргі жағдайда колхоз өндірісінің барлық салалары үшін, оның ішінде қоғамдық мал шаруашылығы үшін, машина-трактор станцияларының ролі мен жауапкершілігі, қауіпті өсіп отыр. Зор техникалық күші бар МТС-тер мен ММНС-тер колхоздардың мал қыстатуға әзірлік жұмысын басқарып отыруға міндетті. Қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету үшін осындай өте маңызды жұмысты ойдағыдай жүргізу машина-трактор станцияларының, барлық механизаторлардың және ауыл шаруашылығы мамандарының белсене қатысуы негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Мұнда мал шаруашылығында МТС-тер мен ММНС-тердің және колхоздардың қолында бар техниканың неғұрлым тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етудің маңызы зор. Жекелеген МТС-тер мен ММНС-тердің басшылары өздерін мемлекеттің меншігі болып табылатын техниканың пайдаланылуына ғана жауаптымыз деп есептейді. Шынында МТС-тер мен ММНС-тер колхоздардың өздері сатып алған жабдықтардың фермаларда дұрыс орнатылуына, олардың дұрыс пайдаланылуына жауап беруге тиіс.

### Колхоз малшыларының табыстары

**ЖАМБЫЛ.** (ҚазТАГ). Облыстың колхоздарында қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің жылдық қорытындылары шығарылып жатыр. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыра отырып, көптеген шаруашылықтар едәуір табыстарға жетті. Сарысу ауданының Сталин атындағы колхозында көзір 13.300 мал бар. Мал санын көбейту жөніндегі тапсырма артығымен орындалды. Мал шаруашылығы біржарым миллион сом табыс кіргізді, яғни 1951 жылғыдан тоғыз есе артық. Колхозшыларға мал шаруашылығын өркендетуге Байқадам МТС-нің механизаторлары көмек көрсетті. Олар көктемде игерілген тыңға товарлы сүт фермасына

керу қажет.

Партия мен үкмет алға қойып отырған мал шаруашылығының артта қалушылығын шұғыл жою міндетінің ойдағыдай жүзеге асырылуы үшін жемшөптің тұрақты базасын жасау аса маңызды шарт болып табылады. Бұл мәселеге ерекше қысқа бөлінуге тиіс. Сондықтан алдағы қысқа әзірлік жүргізумен қатар қоғамдық малдың 1955 жылы да жемшөппен толық қамтамасыз етілуіне қамқорлық жасау керек. Табиғи шабындықтардың шөп шығындылығын арттыру жөніндегі шаралардың бірі республикадағы көп колхоздардың сынынан өткен әдіс—көлдете суару әдісі болып табылады. Көзіргі уақытта республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі, Совхоздар министрлігі мен Су шаруашылығы министрлігі жергілікті совет және партия органдарымен бірлесіп, қарашайым ирригациялық құрылыстар салу, бұрыннан бар бөгеттерді оңдау және көктемгі тасқын суды бөгеуге әзірлік жұмыстарын ұйымдастырулары қажет. Тез арада 1955 жылдың көктемінде көлдете суарылатын шабындық өңірлерін іріктеп алу мәселесі қаралуы керек. Бұл жұмыстардың барлығы көзден бастап ұйымдастырылып, көлдете суарылатын жер көлемін мейлінше ұлғайту және шөп шығындылығын арттыру шаралары жүзеге асырылуы керек.

Мал қыстату ойдағыдай өткізуде малшылардың социалистік жарысын ұйымдастырудың маңызы үлкен. Мұның нәтижесінде шаруашылықта қолда бар резервтердің толық ашылуына, колхозшылар мен совхоз қызметкерлерінің инициативасы өрістеуіне мүмкіндік туады. Республиканың еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері мен партия ұйымдарының басшылары, мал шаруашылығы қызметкерлері арасында социалистік жарысты өрістетуге бағытталған түсінік, үгіт және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуге мейлінше көп көңіл бөлуге тиіс.

Алдағы қыста барлық малдың шығынсыз өсірілуін, 1955 жылы мал санын өсіру, сондай-ақ оның өнімділігін арттыру жөнінде белгіленген мемлекеттік жоспарлардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету—партия, совет және ауылшаруашылық органдарының, механизаторлардың, колхозшылар мен совхоз қызметкерлерінің аса жауапты міндеті.

лекция жалпылама жазылып тек цитаталар мен теориялық мәселелердің жыйнағы болып шыққан. Осы сияқты, облыстық лекциялық бюроның директоры Молоткова жолдастың «Капитализмнің қалдықтарына қарсы күрес және коммунистік тәрбиенің міндеттері» деген лекциясы басынан аяғына дейін жалпы бағытта, тек цитаталарға құрылып, онда бір-ақ мысал келтірілген. Ол мысалдың өзі біздің облысымыздың өмірінен емес, Москва облысының өмірінен алынған.

Жарыссөзде сөз сөйлеушілер жарасты тұрмыс жөніндегі бірқатар шараларды жүзеге асырудың қажеттігін айтты. Жұмысшылар мен қызметкерлердің мәдениетті тынығуын қамтамасыз етпеу салдарынан кейбір қызметкерлер мен жұмысшылардың маскүнемдікке салыну фактілері орын алып жүр. Мұндай фактілер темір жол, автомобиль транспорты кәсіпорындарында жиі кездеседі. Кейбір жұмысшылар мен қызметкерлердің маскүнемдікке салынуы жұмыстың сапасын төмендетуге, семьяда және қоғамдық орындарда бейбастақтық жасауларына әкеліп соғып жүр.

—Жас ұрпақтардың дүниеге материалистік көзқарасы мектептерде қалыптаспайды, —деді қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Дегтяренко жолдас. —Оларға мұндай тәрбие беру сияқты әбройлы міндет оқытушыларға жүктеледі. Бұл міндетті орындауда мектеп оқытушыларының жұмысына тусықандардың, қоғам ұйымдарының үнемі көмектесіп отыруы қажет. Солай бола тұрса да, жас ұрпақтарды тәрбиелеуде елеулі кемшіліктер жоқ емес. Кейбір ата-аналар мен жұмысшы, қызметкерлер балаларының дұрыс тәрбие бере алмай жүр. Мәселен, жылу-электр орталығы кәсіпорнының жұмысшысы Ташанов үнемі маскүнемдікке салынып, семья мүшелерін жәбірлеуді әдетке айналдырған. Осының салдарынан оның қызы Валентина оқудан қол үзген. Ал аталған кәсіпорнының партия, кәсіподақ ұйымдары Ташановты жарасты тұрмысқа баулу үшін ешқандай шара қолданбай отыр.

Мұнан кейін Дегтяренко жолдас облыстық газеттерде ғылыми-атеистік насихат және жарасты тұрмысты насихаттау жөніндегі мақалалар, зиянды ескі әдет-ғұрыпты ұазадаушылар жөнінде сын мақалалар аз жарияланып жүргенін айтты.

Актив жыйналысында маскүнемдікке қарсы күрес жүргізудің қажеттігіне баса назар аударылды. Денсаулық сақтау орындары еңбекшілер арасында түсінік жұмысын қанағаттанғысыз жүргізеді. Медицина қызметкерлері кәсіпорындарында және басқа жұмыс учаскторінде маскүнемдіктің зияндылығы жөнінде лекциялар оқуды әлі де әдетке айналдырмай келеді.

Жыйналыста сөз сөйлеген Вдовин жолдас айтқандай, соңғы кезде маскүнемдіктің

### „Жаңа жерлерді игергені үшін“ значектерімен наградталды

Облысымыздың бір топ озат жас механизаторлары БЛКЖО Орталық Комитетінің «Жаңа жерлерді игергені үшін» значектерімен наградталды. Олардың ішінде Октябрь ауданындағы Степной совхозының тракторшылары комсомолецтер Кондратий Дятлов, Виктор Прудников, Николай Ни-

жұмысшылар клубтарында және басқа мәдениет орындарында ғылыми-атеистік насихат және жарасты тұрмысты насихаттау жөнінде жастар кештері жиі өткізілмейді. Рас, бұл жөнінде ең алдымен қалалық комсомол комитеті, бастауыш комсомол ұйымдары кінәлі.

Қалалық комсомол комитеті кәсіпорындарында ғылыми-атеистік насихатты кеңінен өрістетуге мақсатымен клубтар мен кәсіпорындарында төрт лекторий ұйымдастырды. Лекторийлердің мүшелері теориялық даярлығы бар комсомолецтер есебінен толықтырылды. Біз жастардың жұмыстан бос уақыттарын орындай пайдалану үшін физкультура және спорт жұмыстары жөнінде ұйымдастыруымыз қажет. Комсомол ұйымдары, әсіресе діни мейрамдар күндері жастардың физкультура және спорт ойындарымен, қоғамдық еңбекпен шұғылданып қамтамасыз етуге тиіс. Комсомол ұйымдарының жастарды тәрбиелеу жөніндегі жұмыстары жемісті болуы үшін оларға партия ұйымдары тарапынан нақтылы басшылық жасалуы қажет.

Қалалық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Осипов жолдас өзінің сөзінде қала мәдени-ағарту мекемелерінің дінге, зиянды ескі әдет-ғұрыптарға қарсы күрес жүргізуді жөніндегі жұмыстарына тоқталды.

Ғылыми-атеистік насихатты кеңінен өрістетуге саяси және ғылыми білімдер тарту жөніндегі қоғамның облыстық бөлімшесі зор роль атқаратыны мәлім. Ал облыстық бөлімшенің жұмысы бұл талапқа сай болмай отыр. Бірақ бөлімшенің референті Ибрагимов жолдас астық сөзі актив жыйналысына қатысушыларды қанағаттандырмады. Өткен жылы қоғамның мүшелері облыста ғылыми-атеистік тақырыпта небәрі 25 лекция ғана оқыған. Ибрагимов жолдас бұл кемшіліктің сырын терең ашады. Ол бөлімшенің ғылыми-атеистік насихатты ұйымдастыру жөніндегі қанағаттанғысыз жұмысын бүркемелеуге тырысты.

Шаровз депосы партия комитетінің секретары Исаков жолдас өзінің сөзінде депода дінге, ескі әдет-ғұрыптарға қарсы насихат жұмыстарының жеткіліксіз жүргізіліп отырғанын, депода маскүнемдерге қарсы күрес жеткіліксіз ұйымдастырылғанын мойындады. Мұнан кейін ол партия ұйымының насихат жұмысын жақсарту жөніндегі белгілен отырған шараларын ортаға салды. Сөзінің соңында Исаков жолдас қалалық партия комитеті мен облыстық партия комитеті лекторларының депо жұмысшылары арасында сирек болатынын сынады.

Партия активінің жыйналысында ҚКП облыстық комитетінің секретары Лосев жолдас сөз сөйледі.

Қалалық партия активінің жыйналысы күн тәртібіндегі талқыланған мәселе жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы қабылдады.

колаенка, Преснов МТС-нің жас механизаторлары Андрей Горн, Николай Стародубов, Шағлы МТС-нің тракторшысы комсомолец Писиф Яблонский және басқалары бар.

**Х. РАҚЫМОВ,**

### Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне арналған экспонаттар

**ӨСКЕМЕН.** (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанда Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне арналған экспонаттар іріктеліп алынуда. Үстіндегі жылдың егіннен көзірдің өзінде бидайдың, қарабидайдың, сұлының, тарының 300-ге жуық баулары әзірленді.


Предгорный ауданының Ленин атындағы ауылшаруашылық артели быйыл 3 мың гектар егіннің әр гектарынан 120 пұттан өнім өсірді. Лука Мартынов пен Андрей Боровиковтың бригадалары бығылы көктемде көтерілген тыңға қатты бидайды тоғыспалы әдіспен еккен болатын. Бұл жердің әр гектарынан 250 пұттан астық жыйналды. Мол өнім жыйналған учасктортердегі бидайдан Бүкі-

одақтық ауылшаруашылық көрмесіне арналып бірнеше үлгі іріктеліп алынды.

Шемонайш ауданының колхоздары эспарцет пен судан шөбінің экспонаттарын Москваға жөнелтуге әзірлен қойды. Колхоздар бұл шөптерді жуықта ғана егін өсіре бастады, дегенмен көзірдің өзінде олардың тұқымынан мол өнім алуға үйренді. Катон-Қарағай бұғы совхозы марадың 10 пар мүйізін іріктеп алып қойды. Самар ауданының Ворошилов атындағы және «Трудовик» ауылшаруашылық артельдерінің ара өсірушілері бал және балауыз, сол сияқты Зырян мемлекеттік селекциялық станциясы өсіріп шығарған «зыряндық» жоңышқаны дайындады.



# Зябь жыртуда озаттарға теңелейік!



Андрей Петрович Рисс жолдас қатарлы механизаторлардың бірі. Зябтің өзінде 1000 гектардан астам жер Суретте: А. Рисс жолдас астам жер жанадан ұйымдастырылған Жамбыл атындағы астық совхозының алдыңғы дискелеуде сменалық нормасын үнемі екі еседен асыра орындайды. Ол көзір жұмыстады. зябь дискелеп жүрген кезі.

## Техника өнімді пайдаланылуда

Октябрь ауданындағы Семиполка МТС-нің Говоров жолдас басқаратын трактор бригадасының мүшелері Степан Разин атындағы колхозда жыл басынан қажырлы еңбек етуде. Бұл күндері бригада зябь жырту қарқынын күннен-күнге өрістетіп келеді. Тракторшылар А. Мерец және Р. Транезников жолдастар өздеріне бекітіліп берілген тракторларын техникалық күтімде ұстай отырып, оларды жұмысқа неғұрлым тиімді пайдаланып келеді. Аталған жолдастар зябь жыртуда сменалық жұмыс тапсырмаларын үнемі 130-140 процент орындап жүр.

Осы МТС-тің Кайдов жолдас басқаратын трактор бригадасының механизаторлары да Абай атындағы колхозда өнімді жұмыс істеуде. «С—80» тракторының тракторшылары Чернега және Камнев жолдастар зябь жыртуда сменалық жұмыс тапсырмаларын біржарым нормаға дейін орындайды. Бұлардан тракторшылар Рәменский және Казаков жолдастар да қалысатын емес.

Бұл бригаданың мүшелері өздерінің қажырлы еңбектерінің нәтижесінде зябь жырту жоспарын толық орындап шықты. Сөйтіп, желесі жылы егіннен мол өнім алудың негізгі бір шарасын жүзеге асырды.

В. КУЦ.

## Мерзімінде және сапалы орындалды

Преснов МТС-нің Токаров жолдас басқаратын трактор бригадасының мүшелері өздерінің қажырлы еңбектерінің нәтижесінде зябь жырту жоспарын толық орындап шықты. Сөйтіп, желесі жылы егіннен мол өнім алудың негізгі бір шарасын жүзеге асырды.

## Жоспардан тыс зябь жыртудамыз

МТС дамуындағы «Бұлақ» колхозына зябь жыртуға төрт трактор бригадасы бөлінді. Ол трактор бригадаларының бірін мен басқарамын. Үстемдегі жылдың күзінде бұл колхозға 2330 гектар зябь жырту тапсырмасы берілді. Оны 5 октябрьде толық аяқтап шығу жоспарланды. Ол жоспарды мерзімінен бұрын сапалы орындап шығу үшін әр бригаданың күш-мүмкіншіліктеріне қарай жерді бөлісіп алдық. Жыртылатын жер участоктерімен таныстық. Соған соң бригадалар және механизаторлар өзара социалистік жарысқа түстік.

Менің бригадамда «ДТ—54» маркалы үш трактор бар. Бұлардың барлығы дерлік жаңа. Жұмыс екі сменада істеді. Күндізгі сменада да, түнгі сменада да тракторлардың тұрып қалуына, болмаса істен шығып қалуына зор бермедік. Жағар, жанар май, керекті суды тасып жеткізушілер де бізді уақытты қамтамасыз етіп отырды. Тракторшылар М. Нурғалиев, коммунист К. Шонғалиев, М. Құлбаев және С. Әлібеков жолдастар күндіз тапсырмаларын үнемі асыра орындап жүрді. Соның нәтижесінде біз өзімізге берілген тапсырманы көрсетілген мерзімнен бес күн бұрын орындап шықтық.

Менің бригадамда көктемде 490 гектар нар жырту жоспары берілген еді. Бұл тапсырманы бригадамдағы механизаторлар 973 гектар етіп, жоспарды 196 процент орындады. Олар егін жыйнау, астық бастыру жұмыстарында да күндіз нормаларын 150 проценттен төмен түсірген емес. Ал егін жыйнап болысымен бізге көптен бері кино да көрсетілген жоқ.

1065 гектар зябь жыртты. Бригадада озат тракторшылар да көптеп саналады. Мәселен Біртай Баялин, Василий Каун, Торман Ахметов жолдастар өздерінің күнделік нормаларын 125—150 проценттен кем орындамайды. Колхоздағы № 1 және № 3 трактор бригадалары да өз жұмыстарын жақсы істейді.

Біздің жыртқан зябіміздің теңжартысынан астамы тың жерлер. Бұл жыртқан жеріміздің аударылып түскен қырығе қабаттарын ұстатып, жұмыстау үшін бірнеше рет дискелеу керек. Ал біздің төрт трактор бригадамызда бір ғана диске бар. МТС директоры В. Потяхин жолдастан «жер жұмыстау үшін бізге диске керек» деп сұрасақ, «жер жұмсақ, дискелеудің қажеті жоқ» дегенді айтады.

Бізге колхоздың бастауыш партия ұйымынан бөлінген үгітшілер, коммунистер жиі-жиі келіп, әңгіме өткізіп, газет, журналдар оқып тұрады. Біздегі өлетін әңгімелер, әсерсе сыртқы саяси хабарлар өте қызықты болады. Колхоздың партия ұйымынан бөлінген бес үгітші бар. Олардың көбі колхоздың жетікылдық мектебінің мұғалімдері. Үгітшілер тобының жетекшісі болып мұғалім Ш. Есқалиев жолдас істейді. Біздің бригадаға жиі-жиі келіп тұратын үгітшілер С. Әміртаев пен Е. Аяғанов жолдастар бізге өте ұнайды. Олар көп әңгімелесіп, қызықты хабарлар, жаңалықтар айтады.

Алайда біздің бригадаға МТС-тен жылжымалы кітапхана, немесе келген үгітшілерді көруге болмайды. Оның үстіне бізге көптен бері кино да көрсетілген жоқ.

## ЖАҢА СОВХОЗДАРДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР ОРТА БІЛІМ АЛУДА

Партияның шақыруы бойынша тың жерлерді игеру үшін облысымызға көптеген жастар келді. Олардың көпшілігі бұрынғы жұмыс орындарында өндірістен қол үзбей кешкі мектептерде оқыйтын еді. Енді олар жаңа жерлердегі жаңа техникамен танысқаннан кейін, мұнда да орта білімнің өте қажет екендігін көрді. Сондықтан олар өздерінің білімдерін көтере бергісі, сөйтіп орта білім алғылары келетіндіктерін білдірді. Совхоздар еңбекшілердің бұл тілектерін қанағаттандыру мақсатымен облыстық оқу бөлімі облыстық сырттан оқыту мектебінде оқушылардың санын көбейтіп, оқу жылының басталуын 1 октябрьге қалдырды. Оқушыларды мектепке тарту үшін аудандарға арнаулы адамдар жіберді.

Олар жанадан ұйымдастырылған совхоздарда болып, еңбекшілерді сырттан оқытуға жағдаймен, тәртібімен таныстырды. Октябрь ауданындағы совхоздардан 152 жұмысшы 8—10 кластарда оқуға тілек білдірді. Олардың көпшілігі аудан орталығы Марьевка селосында ұйымдастырылған түсінік пунктінде сабаққа әзірлену және қиын тақырыптар жөнінде методикалық көмектер мен кеңестер алады. Ал, қалғандары қаладағы орталық мектепке бекітілді. Кәзір олар алғашқы программалық тапсырмаларды орындауға кірісті.

А. СИНДИЦНИЙ.

## Жастардың сүйікті орны

Булаев астық совхозы кітапханасының кітап қорында 2 мың данаға жуық саяси, көркем, ауылшаруашылық әдебиеттері бар. Бұл кітапханадан кәзір совхоздың 150-ден артық жігіттері мен қыздары кітап алып оқыйды. Ал, комсомолдер: тіркеуші Иван Бажинский, механикалық мастерскойдың слесарі Георгий Дубов, тракторшы Владимир Болотов жолдастар кітапхананың тұрақты кітап оқушылары болып саналады. Олардың әрқайсысы соңғы екі айда 15—20 кітаптан оқып шықты. Оқылған кітаптардың ішінде М. Горькийдің, И. Шуховтың, Новиков-Прибойдың және басқа совет жазушыларының шығармалары бар.

Кітапхананың комсомолка Клара Насекина трактор бригадаларында жиі болып, жылжымалы кітапханаларды жаңа әдебиеттермен ауыстырып отырады.

Х. НҰРАХМЕТОВ.

## Поселкелік Совет

Еңбекшілер депутаттары Булаев аудандық Советі атқомінің қарары бойынша ауданда жаңадан үш поселкелік Совет құрылған болатын. Солардың бірі—Булаев астық совхозының поселкелік Советі.

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

# Оқу үйлерінің жұмысына көңіл бөлінсін

Ленин ауданы, Ильинка селолық оқу үйі аудандағы үлгілі оқу үйлерінің бірі. Оқу үйінің кітап қорында 4 мыңнан астам әртүрлі әдебиеттер бар. Мұнда көптеген газет, журналдар алдырылады. Оқу үйінен кітап алып оқушылардың саны 560 адамнан асады. Оқу үйі (менгерушісі Якутин жолдас) өз жұмысын партия мен үкметтің ауылшаруашылық қызметкерлерінің алдына қойған міндеттерін қалың көпшілікке кең түрде насихаттауға бағыттай жүргізеді. Үгітшілерге керекті әдебиеттер іріктеліп алынып, көрнекі құралдар әзірленеді.

Оқу үйі көрнекі плакаттармен, колхоз өмірін бейнелейтін фотомонтаждармен безендірілген. Якутин жолдас дала көстары мен мал фермаларында жиі болып, дауыстап газет, журналдар оқыйды. Қабырға газеттері мен жауынгерлік листовкалар шығаруға көмектеседі. Бірлік ауылдық Советінің жанындағы оқу үйінің жұмысы да дұрыс жолға қойылған. Оқу үйінің коммунист Молдахметов жолдас басқарады. Оқу үйінің кітап қоры молайып, кітап оқушылар саны да көбейе түсуде. Аталған оқу үйлері еңбекшілердің мәдениетті тынығу орны ғана болып қоймай, колхоз партия, комсомол ұйымдарының үгіт-көпшілік жұмыстарын үлгілі ұйымдастыруына көп көмек беріп келеді.

Бірақ ауданда өз жұмыстарын бүгінгі талапқа сай ұйымдастыра алмай отырған оқу үйлері де жоқ емес. Мысалға Александровка селолық Советіне қарасты оқу үйі алайық. Мұнда оқу үйінің жақсы жұмыс істеуіне барлық мүмкіншілік жеткілікті. Соған қарамастан оқу үйінің менгерушісі Чинченко өз міндетіне жауапсыз қарап, оқу үйінің жұмысын жақсартуды қарастырмай келеді. Оқу үйі үнемі жабық тұрады, ал кітап алып оқығысы немесе ауыстырығысы келетіндер оны үйінен іздеп жүреді. Оқу үйінің село мәдениетінің шын мәніндегі орталығы болуына жағдай туғызудың орнына Чинченко жұмыс уақытында маскүнемдікке салынып, еңбек тәртібін өрескел бұрма-

лап жүр. Чинченконың бұл сыяқты өрескел істері селолық Советтің председателі Бромат, аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі Адерихин жолдастарға әбден мәлім. Бірақ олар оған ешқандай шара қолданбай-ақ келеді.

Істің жайы Аманкелді оқу үйінде де айтарлықтай емес. Оқу үйінде еңбекшілердің кітап оқып, шахмат, дойбы ойнауларына ешқандай мүмкіншілік туғызылмаған. Оқу үйінің менгерушісі Еркеболатова алған жалақысына мән болып, ешқандай жұмыс жүргізбейді. Бұл оқу үйлерінде аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі Адерихин және бөлімнің инспекторы Евсюкова жолдастар бірнеше рет болды да. Бірақ олар оқу үйлерінің жұмысымен жете таныспай атүсті мәліметтер алды да аудан орталығына кете барды.

Бұл оқу үйлерінің жұмыстарының осы күнге дейін нашар болып келе жатқандығына аудандық мәдениет бөліміндегілердің оқу үйлері менгерушілеріне тиісті көмек көрсетпеуінен және оларға шалағай басшылық жасауынан болып отыр. Бір кезде аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі Адерихин Еркеболатованы қызметтен босату туралы бұйрық жазып, оның орнына Есжановты жіберген еді. Бірақ ол неге екені белгісіз, өз бұйрығына өзі не бола алмай, Еркеболатованы қайтадан орнында қалдырды. Ал оқу үйінің жұмысы сол бұрынғы нашар қалпында қалып отыр. Айта кету керек, оқу үйлеріне ауылдық және селолық Советтердің басшылары мен жергілікті бастауыш партия ұйымдары ешқандай көмек көрсетіп, басшылық жасамай келеді.

Аманкелді, Александровка оқу үйлерінің жұмыстарында болып келген кемшіліктерді дереу жойып, ауыл-селода мәдени-ағарту жұмыстарын шұғыл жақсарту үшін Ленин аудандық мәдениет бөлімі тезарада тиісті шара қолдануы керек.

С. ҚАЗАНБАЕВ,

Ленин аудандық комсомол комитетінің Ильич МТС-і аймағындағы нұсқаушысы.

## Жұртшылықтың көмегі орынды пайдаланылсын

Приешім аудандық астық дайындау пунктінің астық қабылдау және оны кептіру жұмыстарына аудан мекемелерінің қызметкерлері, Боголюбово орта мектебінің оқытушылары мен оқушылары үнемі көмектесіп келеді. Мәселен, оқытушы Бафтанованың басқаруымен 15 оқушы астық кептіргіш агрегатында жұмыс істеп, бір күннің ішінде 200 центнерден астам астық кептірді және қоймаға тасып үйді.

Оқушылардың бұдан да табыты еңбек етуге мүмкіншіліктері бар. Бірақ олардың көмегі дұрыс пайдалануды астық дайындау пунктінің басшылары (директоры Бондюков жолдас) ұйымдастыра алмай отыр.

агрегаттарының кейбірінде температураны өлшеп отыратын термометр болмағандықтан агрегаттардағы температура жай мөлшерлеп ғана өлшенеді. Мұның өзі астықтың дұрыс кептірілуіне шек келтіреді. Жақында агрегаттардағы температура дұрыс бақыланбағандықтан кептіруге салынған астықтың сапасы кеміп, жарамсыз болып қалды. Ал, агрегат 6 сағат бойы тоқтап қалды. Соның нәтижесінде онда жұмыс істейтін оқушылар жұмыссыз босқа отыруға мәжбүр болды. Ал, оларды басқа жұмысқа қосуды ешкім ескермеген.

Приешім аудандық астық дайындау пунктінің директоры Бондюков жолдас жұмысқа көмектесе келгендердің тыңғы-



трактор бригадасының мүшелері жыл басынан Ворошилов атындағы колхозда жұмыс істеп келеді. Бригада мүшелері ауышаруашылық жұмыстарын атқаруда техника күшін неғұрлым тиімді пайдаланып, МТС-тің колхозбен жасасқан жұмыс шартын мерзімінде, сапалы орындай келеді.

Механизаторлар зыб жыртыуда егін жыйнаумен қат-қабат жүргізе білді. Егін жыйнауға жұмыс істеп жүрген тракторшылар түнгі уақытта зыб жыртыуға қатыстырылды. Мұның өзі игі нәтижесін берді де. 10 октябрьге дейін бригада зыб жыртыу жоспарын 110 процент орындап шықты.

Зыб жыртыуда тракторшылар М. Денисов, М. Малютин жолдастар ерекше көзге түсті. Олар «ДТ—54» тракторымен бір сменада 9-10 гектарға дейін жұмсақ жер жыртып отырды. Тракторшылар А. Батцев және А. Спириг жолдастар да зыбті сапалы жыртып келеді.

Бұл күндері бригада мүшелері жоспардан тыс зыб жыртыуда одан әрі өрістетуде.

М. НАЗАРИН.

және механизаторларға жаңа тапсырма беріледі. Ол тапсырма бойынша 239 гектар жер жыртып, оған қара бидай егу керек еді. Бұл тапсырманы да аудал бойынша мерзімінен бұрын орындап шықтық.

Менің трактор бригадам осы колхоздағы Николай Бохинов жолдас басқаратын № 4 трактор бригадасымен социалистік жарысқа түскен болатын. Жалпы көрсеткіштер бойынша біздің бригада Бохиновтың бригадасынан алда болса да, бұл № 4 трактор бригадасы бізден қалысар емес. Ол бригадада төрт жаңа трактор бар. Оның үшеуі «ДТ—54», біреуі «С—80» тракторы. Оларға берілген зыб жыртыу жоспары 850 гектар болатын. Олар бұл жоспарды артығымен орындап,

### Мереке құрметіне

Чистян МТС-нің Гаврилов жолдас басқаратын трактор бригадасының мүшелері Улы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, зыб жыртыу қарқынын күшейте түсуде. Бригадада кәзірдің өзінде мың

ал, көңірі бригадалары көрмегенімізге жылдан асып барады. Өткен айларда колхозшылар мен механизаторлар болып қаржы жыйнап, аудандық мәдениет бөлімінің кино көрсету жөніндегі инспекторына бірнеше рет кино жіберсеңіз екен деп өтіндік. Ал біздің кино көру орнына естігеніміз, «колхоздарыңыз қалық, оған жетуге транспорт жоқ» деген жауап болды.

Бригада мүшелері кәзір жоспардан тыс 200 гектар тыс жер жыртыуға міндеттеніп, оны қарқынды жүргізіп келеді. Олар бұл жұмысты да табысты аяқтайды.

3. ТӘШЕТОВ,  
Нуйбышев атындағы МТС-тің № 2 трактор бригадасының бригадирі.

Эның председатели болып коммунист Соколов, секретары болып Волкова жолдастар істейді.

Поселкелік Совет совхоз ауруханасының, мектептің және кітапхананың үлгілі жұмыс істеп, жұмысшыларды мәдениетті қамтуына жетісуде. Мұнымен бірге, ол басқа да бірталай шаруашылық жұмыстарды жүзеге асыруда.

Р. ХАЛИКОВ.

### Мемлекетке сүт сатуда

Көнжухов ауданының Молотов атындағы колхозы міндетті сүт тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, бұл күндері мемлекетке сүт сата бастады. Кәзірдің өзінде колхоз мемлекетке 800 центнерден астам сүт сатты. Ал, жыл аяғына дейін барлығы 1400 центнер сүт сатуға міндеттеніп отыр. Колхозшылар мемлекетке сатылған сүт үшін жүк машиналарын сатып алмақ.

К. ЕРЕМИН.

Астық көптігінің агрегаттарының жұмыс өнімділігі төмен. Олар көп уақыттарда техникалық жарамсыздығынан босқа қарап тұрады. Мысалы астық көптігінің

маңғы ескі етуге жатпайтын жерлердің көмегін дұрыс пайдалануға жетісу керек.

Н. ТУРДАЛИН.

### Көпір салуды қолға алмай отыр

Октябрь ауданындағы Ленин атындағы колхоздың № 2 және № 3 бригадалары арасына қатынайтын жолда мыйлы бұлақ бар. Бұлақтан өтетін көпір тозығы жеткендіктен жазыртұрым бұзылып қалған болатын. Содан бері бұл жерден арбамен өту қиынға соғатын болды. Әсіресе, интернатқа дайындалған құрылыс материалдарын тасып алуда қиыншылық кездесті.

Бұл жағдайды ескерген интернат басшылары бұлақтан өтетін көпір салу үшін интернаттан бір арба, қажетті материалдар және екі кісі бөлді де, көпірді салуға колхоздан бір құрылысшы беруді сұрады. Колхоз басшылары да бұған келісті. Бірақ олар интернат қызметкерлерін құрғақ сөзбен алдап, артынан құрылыс маманын жібермей қойды.

Бұдан 3 жыл бұрын колхоз басшылары № 1 бригадadan № 2 бригадалағ баратын

жолдағы терең сай арқылы өтетін көпір саламыз деп 30-40 арбадай құм және бір көпірге жеткілікті етіп тас тасытқызып төккізді. Іс сонымен аяқталды. Қәзір құрылыс үшін тасып алынған материалдарды кім көрінген өз қажетіне тасып бітіруге жуық.

Шынын айтқанда колхоз басшылары құрылыс жұмыстарын екінші кезекке қойып, бұл жөнінде қолға алынған жұмыстардың қызу қарқынмен жүргізілуіне және деркесінде аяқталуына мән бермей келеді. Колхозда басталған құрылыс жұмыстарының ұзаққа созылуын міне осыдан деп түсіну керек.

Колхоз басшыларының көпір құрылысын қолға алуды ескеретін уақыты жеткен жоқ па?

К. ТОРПАКОВ.

## БІЗДІҢ ТАБЫСТАРЫМЫЗ БЕН ТӘЖРИБЕЛЕРІМІЗ

Біздің мектебіміз Бүкілодақтық ауышаруашылық көрмесіне кандидаттыққа ұсынылды. Бұл — мектептің оқытушылар және оқушылар коллективі үшін зор құрмет, аброй болып саналады.

Әрине, мектеп көрмеге кандидат болып ұсынылғаннан кейін оның жұмысында азды-көпті болса да қол жеткен табыс, жетістіктері болатыны белгілі. Сондықтан біз облыстың басқа мектептерінің коллективіне өзіміздің сол табыстарымыз жөнінде айтып, жұмыс тәжірибелерімізді ортаға салғанды дұрыс көрдік.

Әрбір мектеп жұмысының дәрежесі онда оқитын оқушылардың сабақ үлгерімі және тәртіптерінің жақсы болуымен, оқытушылардың олардың шын мәніндегі коммунистік тәрбие алуы, коммунизмнің бөлшек құрылысшылары болуы үшін сіңірген еңбек дәрежесімен өлшенеді. Бұл жағынан алғанда біздің жұмысымыз едәуір дұрыс жолға қойылған дей аламыз. Оқушылардың сабақ үлгерімдері мен сабаққа қатысулары, жалпы тәртібі біркелкі жақсы дәрежеге жетіп отыр. Бізде кәзір нашар баға алмақ түгіл, орта баға алатын оқушылардың өздері де санауды. Бір класта екі жыл қатарынан отырып қалған оқушылар бірі-жарымды ғана кездеседі. Өткен 1953—1954 оқу жылында жетінші класта 39 оқушы оқыған еді, солардың бәрі де мектепті ойдағыдай бітіріп шығып, кәзір орта мектептерде оқып жүр. Ал быйылғы жылы жетінші класта оқитындар саны 40-қа жетті. Сол сияқты, мектеп жасындағы балалардың бірде-бірі оқуға тартылмай қалған емес.

Біз ең алдымен политехникалық оқу жұмысына баса назар аударамыз. Мектебімізде физика, қолөнер, әдебиет тағы басқа да барлығы жеті үйірме жұмыс істейді, биология пәнінің оқытушысы Б. Есмағұлов жолдастың басқаруымен тәжірибе

участогінде жас мичуриншілер тәжірибе жұмыстарын жүргізеді. Онда оның бірнеше түрлері өсіріледі. Мектеп жанынан ашылған интернат бар. Онда 25 бала тәрбиеленеді.

Қысқаша айтқанда біздің қол жеткен табыстарымыздың ең негізгілері осындай. Қашанда болсын табыс, жетістік өз бетімен келіп қолға түспейді. Оны жеңіп алу керек. Ол үшін жұмысты дұрыс ұйымдастырудың зор маңызы бар.

Мұғалімдер — мектепте басты тұлға. Оқушылардың оқып жүрген сабақтарынан терең, тынақты білім алулары үшін, алдымен оларды оқытатын оқытушылардың білім дәрежелері сай келуі қажет. Егер оқытушылар көп жыл істеген, тәжірибеді бай болғанымен, жалпы білім дәрежесі жеткіліксіз болса, онда оқушыларға шын мәнінде терең білім бере алмайтыны анық. Сондықтан біз оқытушылардың білім дәрежесін көтеруге баса назар аударамыз. Біздің коллективте кәзір 10 оқытушы бар. Солардың ішінде 8-і Семейдің, Қарағандының педагогикалық институттерінде сырттан оқып жүр. Ал қалған екеуі мұғалімді институтты бітірген. Міне, оқытушылардың білім дәрежелерін көтере беру нәтижесінде біздің мектепте сабақ беру дәрежесін жақсарту түсуде елеулі нәтижеге жетіп отырмыз.

Оқытушылар үшін екінші бір қатты ескеретін мәселе — оқушылардың тәрбиесі. Жас балалар мектеп жасына дейін тек семья тәрбиесінде ғана болса, мектепке оқуға түскеннен кейін олар екі жақтан — мектеп және семья тәрбиесін көреді. Егер осы екі тәрбие бір-бірімен тығыз ұштастырыла, байланыстырыла берілсе, онда, сөз жоқ, қандай оқушы болмасын сабаққа ынталы, ұқыпты, мектеп қабырғасында, көшеде жүргенде және үйде тәртіпті болады. Біз бұл жағына баса назар аударып, оқушылардың ата-аналарымен ты-

ғыз ынтымақтаса жұмыс істеудің жолдарын қарастырамыз.

Әрбір мұғалім, класс жетекшісі өз класында оқитын баланың туысқандарымен, ата-аналарымен жиі кездесіп отырады. Оларға баланың алғашқы кезде, мектеп тәртібіне дағдыланбаған кейбір кемшіліктері болса айтып, оны түзетудің жолдары жөнінде кеңеседі. Жиі-жиі туысқандар күні өткізіліп, онда ата-аналарға «Мектебіміздегі үлгілі ата-аналар», «Өз баласын тәрбиелеуде үлгілі ата-ана» деген тақырыптарда кеңестер өткізіліп, «Балалардың жақсы оқуына қалай көмектесу керек және семьяның мектептен байланысы», «Балалардың үйде еңбек етуінің түрлері», «Семьяның балаларға әсері» деген сияқты тағы басқа да тақырыптарда лекциялар оқылады. Бұл үшін оқытушылар арасынан бөлінген арнаулы адамдар бар.

Мұнымен бірге мектебімізде айына бір рет «Туысқандарға кеңес» атты қабырға газеті шығарылады. Бұл газетке тілшілер көбінесе оқушылардың туысқандары болады. Онда өз баласының тәрбиесіне жете көңіл бөлмей, оның сабақты дұрыс оқып-жағдай жасамайтын кейбір ата-аналар туралы сындар айтылады. Сол сияқты, баласының оқуды үлгілі оқуына, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуға, үйде уақыт кестесі бойынша дем алуына, сабақ қарауына және үй жұмысымен айналысуына үнемі көмек жасап, мүмкіндік туғызып отыратын ата-аналар басқа ата-аналарға үлгі ретінде көрсетіледі. Уақыт кестесі жасалынып, педагогикалық советте бекітіледі де, онымен әрбір оқушының туған-туысқандарын таныстырамыз. Мұның ата-аналардың өз баласы мектептен шыққаннан кейінгі үйде өткізетін уақытын дұрыс пайдалануын қадағалап отыруға тиісетін әсері күшті болады.

Оқушылардың өмір тәрбиесіне ерекше

әсер етіп, үйдегі семья тәрбиесін бекітіріп, оны кеңейтіп шын мәніндегі советтік тәрбиеге айналдыратын орын — мектеп. Мұнда оқытушылар мен оқушылар коллективі бар. Ұйымшыл коллектив қашан да болсын жекелеген адамдарға ықпалын тигізбей қоймайды. Оқушылардың оқытушыға деген сүйіспеншілігін туғызып, сонымен бірге қоғамшыл, жолдастық қарым-қатнаста болуына көмектеседі. Бұл жолда оқытушылар коллективі мен класс жетекшісіне жүктелетін міндет үлкен. Оқытушылар оқушылардың бір-бірімен тату, шын мәніндегі жолдастық қарым-қатнаста болуына баса назар аударып отыруды қажет. Сонда олар бірі-бірі қандай қиындықтардан болсын құтқарып, оған көмектесіп отырады. Оған мынандай бір мысал келтіруге болады.

Өткен оқу жылында бесінші класта оқитын Қапарова Галия, Гаврашев Мағи дейтін екі оқушы бір сабақтан күзгі сығна қалдырылды. Бұл үшін олардың жолдастары қатты ұялатындықтарын мойындады. Олар оқытушы Асан Бекқожиннің басшылығымен Мағи мен Галияға жазғы каникул бойы көмектесті. Қажетті оқулықтармен қамтамасыз етіп, өз білгендерін үйретті. Соның нәтижесінде әлгі екі оқушы күзгі сығна ойдағыдай тапсырып, кәзір алтыншы класта оқып жүр.

Біз оқушылардың сабақты жақсы оқып, тәртіпті болуы үшін олардың жауапкершілігін арттыруға үлкен мән береміз. Бізде мынадай әдіс қолданылады: 5-6-7 класс оқушылары бастауыш класс оқушыларын қамқорлыққа алады. Олардың үсті-басы таза, тәртіпті болып жүріп, оқуды жақсы оқуларын бақылайды. Ал, басқаларға үлгі көрсету үшін, алдымен сол адамның өзі үлгілі болуы керек. Демек, бірінші класс оқушысы қамқорлыққа алған жетінші класс оқушысы болса, ол ең әуелі өзіне баса көңіл бөлетін болады. Мәселен, бесінші класс оқушысы Манарбек Ержанов бастапқы кезде сабақты орташа оқитын. Өз тәр-

тібі мен тазалығына да оншалықты көңіл бөле қоймаушы еді. Біз бұл оқушыға томенгі класс оқушыларының бірін қамқорлыққа беруді ұйғардық. Сөйтіп, оған, «бірінші класта оқитын Қорғанбек Тілеудін дейтін баланы қамқорлыққа аламын, оның сабақты жақсы оқуына жетісуіне және тәртіпті, таза жүруіне бақылау жасайтын боласын», деп түсіндірдік. Рас, Ержанов бастапқы кезде бұған онша мән бермегенмен, біртіндеп өзінің жауапкершілігін сезіне бастады. Тілеудінге үлгі көрсету үшін өз бойындағы кемшіліктерді жою керек екендігін ұғынды. Ақыры, оның өзі де, Тілеудін де озат оқушылардың қатарына қосылды.

Мұнымен бірге, оқушылардың жауапкершілігі мен ұқыптылығын арттыру үшін оларды қоғам жұмысына тартудың және жүктелген міндеттің орындалуын үнемі қадағалап, бақылап отырудың тиімді тәсілін пайдасы көп. Ең бастысы, оқушының өзін бір іске жауаптымын деп есептейтін болуы керек.

Міне, осы сияқты, әдістер іс жүзінде тиімді екендіктерін көрсетіп, кәзір біздің мектепте кеңінен қолданылып отыр.

Біз оқушылардың үй жұмыстарын, соның ішінде, әсіресе жазба жұмыстарын мүлтіксіз орындап келулеріне баса назар аударамыз. Педагогика ғылымдарының кандидаты С. Руновскийдің «Учительская газетаның» 1954 жылы 8 сентябрьдегі номерінде жарияланған «Үй жұмыстарына баға қою туралы» деген мақаласын оқытушылар коллективінің мәжілісінде талқылап, онда үй жұмыстарына да баға қойылу керек деген пікірді дұрыс деп таныдық. Сөйтіп, кәзір үйге берілген жазба жұмыстарына да баға қоюды қолдана бастадық. Өйткені, оқушының сабақ үстінде мұғалімнің айтқанына қаншалықты түсінгендігін анықтайтын жағдайдың бірі — үйге берілген тапсырманың орындалуы болып табылады. Жасыратыны жоқ, бізде соңғы кездерге дейін кейбір оқушылар үй жұмыстарын қалай болса солай

орындай салатын еді. Оның маңызына жете түсінбей, жауапсыз қарайтын. Сондықтан, үй жұмысына баға қою шындығында игі нәтиже береді.

Жазба сабақтарын оқушылардың жете меңгеруі үшін қолданатын екінші бір әдісіміз — бақылау жұмыстарын жиірек өткізу. Біз екі сабақта теория оқылғаннан кейін үшінші, не төртінші сабақта бақылау жұмысын жүргіземіз. Сөйтіп, ол бақылаулардың қаншалықты дәрежеде өткізілгені туралы қорытындылап, оны педагогикалық советте қараймыз.

Балалардың өмірге деген көзқарасын байытып, олардың туған Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттырып отыру — әрбір совет мұғалімінің басты міндеті. Оқушы өз туған елі туралы, оның байлығы туралы неғұрлым көбірек білсе, солғұрлым оның Отанға деген сүйіспеншілігі арта береді. Біз туған еліміз туралы лекциялар оқу, әңгімелер өткізу, баяндамалар жасаудан басқа, туған Отанымыздың байлығымен оқушыларды мынадай әдіспен таныстырамыз. Бұл әсіресе есеп сабағында қолданылады.

Еліміздегі бесжылдық жоспарлар, олардың орындалуы, сол сияқты СОКП ХІХ-съезінің сентябрь, февраль-март Пленумдарының қарарлары бойынша халық шаруашылығының қай саласы қай мөлшерде өсуі керек деген сияқты есептерді шығартамыз. Бұл оқушының білім дәрежесінің өсуіне, қоғамшыл болуына сөзсіз көмек жасайды.

Міне, біздің жұмыс тәжірибеміз осындай. Қол жеткен табысты баянды ете отырып, біз бұдан былай да табысқа жету, тәжірибемізді кеңейту мақсатымен іздене бермекпіз.

М. ҚАСЕНОВ,

Совет ауданы, Аралағаш жетімхалық мектебінің директоры.



БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ІХ СЕССИЯСЫ

Саяси комитеттің мәжлісінде

А. Я. Вышинскийдің сөз сөйлеуі

НЬЮ-ЙОРК, 12 октябрь. (СОТА). Саяси комитеттің кеше таңертеңгі мәжлісінде күн тәртібінің екі пункті: «Барлық қарулы күштер мен барлық қару-жарақты реттеу, шектеу және тиісті мөлшерде азайту, қарусыздандыру жөніндегі комиссияның баяндамасы» және «Қару-жарақты азайту, атом, сутегі қаруына және жаппай қырып-жоютын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы мәселе жөнінде халықаралық конвенция (договор) жасасу туралы» (Бас Ассамблеяның күн тәртібіне Совет Одағының делегациясы енгізген пункт) деген пункттер бірден қарала бастады.

Англия мен Францияның өкілдері қарусыздандыру және атом қаруына тыйым салу мәселелері жөніндегі өздерінің бұрынғы позициясын айтып, совет қарар жобасының тектігіне «айқын болмай» отыр-мыс дейтінге қатысы бар көптеген сұрақтар қойды.

Ағылшын өкілі Ллойдтың сөзі негізінен 1954 жылғы 21 майдағы ағылшын меморандумында және 1954 жылғы 11 июньдегі ағылшын-француз меморандумында келтірілген қарусыздандыру туралы мәселе жөніндегі ағылшын-француз ұсыныстарын баяндауға арналды.

Француз өкілі Мок совет ұсыныстары бйылғы жылдың аяғына жетпей-ақ «келісілген текет» қабылдауға мүмкіндік береді деген үміт білдірді. Ал, оның бер жағында Мок совет ұсыныстарын тікелей талқылаудан бұлтартып, бұл ұсыныстар жайында сұрақтар сериясын қоюмен ғана тынды.

Саяси комитеттің күндізгі мәжлісінде совет делегациясының басшысы А. Я. Вышинский сөз сөйлеп, қару-жарақты азайту және жаппай қырып-жоютын қаруға тыйым салу туралы мәселелердегі Совет Одағының позициясын толық баяндап берді, сонымен қатар ағылшын және француз өкілдерінің сөздеріне жауап қайтарды.

А. Я. Вышинский сөзінің бас кезінде ағылшын және француз өкілдерінің сөздерінде совет қарар жобасы жөнінде мүмкіндігінше көбірек сұрақ қою, сөйтіп, бұл сұрақтарға не дұрыс, немесе теріс жауаптар алғысы келетін ниеттер болғанына назар аударды. Ал, оның бер жағында бұл кеуеуінің бірде-бірі қару-жарақты азайту, атом қаруына және жаппай қырып-жоютын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу мәселесі жөніндегі өздерінің бұрынғы позицияларынан ұзап шыққысы келетінін тіпті де білдірген жоқ.

Совет делегациясы, деп мәлімдеді А. Я. Вышинский, талқыланып отырған проблемаға қатысы бар сұрақтың қандайына болса да жауап беруге әзір, бұл проблемамен байланысты ұсыныстардың қандайын болса да қауға әзір.

Сондықтан мен былай деп санаймын: Мок мырзаның бұл жөнінде қойған сұрағын, шынына келгенде, біздің позициямызды анықтайтын сұрақ деп қауға болмайды, өйткені біздің позициямыз айқын. Біз жылдан-жылға осыны айтып, осыған шақырып келеміз. Біз осындай қарар қабылдануына күш салып келеміз. Біз бұған тілектестікті әзірше көргеніміз жоқ. Мүмкін, кәзір жағдай өзгерді, сондықтан біздің қалған әріптестеріміз де мұндай конференция шақыру керек екеніне келісетін шығар. Олай болса, Совет Одағының бұл мәселедегі позициясы қандай екенін айқын түсіну үшін біздің әрқайсымызға мәлім болуға тиісті документтерді аздап қарап шығуға болады.

Талқыланып отырған мәселе жөнінде өз ұсыныстарын енгізе отырып, деді А. Я. Вышинский бұдан кейін, Совет Одағы мемлекеттердің бейбітшілікпен қатар өмір сүруінің маңызды принципіне негізделген өзінің бейбітшілік сыртқы саясатының бүкіл бағытына толық сәйкес бұл жымайтын дәйектіліктен қыймыл жасап келеді.

Тиісті шаралар әзірлеуге Қытай Халық Республикасы қатысқан күнде, деп атап көрсетті ССРО өкілі, қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу туралы міндетті шешу едәуір дәрежеде жеңілдетілген болар еді, ал Қытай Халық Республикасының соғыс және бейбітшілік мәселелеріндегі маңызын кемітуге болмайды.

Совет Үкметі, деп көрсетті совет делегациясының басшысы, өзінің 30 сентябрьдегі қарар жобасын енгізе отырып, осы жылғы 11 июньдегі француз-ағылшын ұсынысы кейбір өзгертулер енгізілсе, атом қаруына тыйым салу және қару-жарақты азайту жөнінде Совет Үкметі талап етіп отырған принциптерге қайшы келмейді деген пікірге сүйенді.

АҚШ-тың 9 июльдегі меморандумына жауап ретінде жазылған осы жылғы 22 сентябрьдегі ескертпе хатында Совет Үкметі өзінің мынадай пікір ұстап отырғанын көрсетті: Егер АҚШ үкметі де, Совет Одағының Үкметі сыяқты, соғыс хауіпін азайтуға және қарулану ауыртпалығын жеңілдетуге ұмтылып отырған болса, онда екі үкметтің күш-жігері атом қаруына тыйым салу туралы келісім жасасын, бұл тыйым салумен байланысты халықаралық қатаң бақылау қоюға және сонымен қатар мемлекеттердің әдеттегі қару-жарағын мықтап азайту туралы келісім жасасуға бағытталуға тиіс. Совет Үкметі, мұның өзі жоғарыда атап көрсетілгеніндей, мұндай ұсыныстарды Біріккен Ұлттар Ұйымына талап рет енгізді.

Совет Үкметі соның өзінде неге сүйенді? Ол мынаған сүйенді: бұл ұсыныстар халықтардың жаппай қырып-жоюын азай-

кеттердің атом қаруын қолданудан сөзсіз бастартуы туралы мәселе жөнінде келісімге жетумен байланыста, — ал біз мұны атом қаруын мемлекеттердің қару-жарағынан алып тастап, оған толық тыйым салу жолындағы маңызды қадам ретінде осы уақытқа дейін талап етіп келдік. — Совет Үкметі мұндай келісімге жетудің біз ұсынған конвенцияда көзделіп отырған барлық шараларды жеңілдету және тездету үшін аса зор маңызы болар еді деп бұрынғысынан санап отыр.

Совет Үкметінің бұлай деп санайтын тағы бір себебі сол, атом және сутегі қаруы барған сайын күшті-бүлдіргіш қаруға айнала бастады, ал бұған көзді жұмып отыра беруге болмайды.

Мен сонымен бірге мынаны атап көрсетпей отыра алмаймын: бұл «бүлдіргіш күштің» қуатын жер-көкке сыйғызбай мадақтап, Америка Құрама Штаттары бұл салада басым болып отыр-мыс дегенді атап көрсетіп, атом және сутегі бомбалары түріндегі бұл бүлдіргіш күшті қолданудың ең даурықпалы жоспарларын насихаттай отырып, оның авторлары саяси жағдайды ұшықтыратын соғыс желікесін қоздырып, бейбітшілік ісіне барған сайын хауіпті дәрежеде өршіте түсуде.

Жуырда Нью-Йоркте «Сутегі бомбасы» деген атпен жарыққа шыққан, 235 бетінде түгелімен ядролық қарудың бүлдіргіш күші мадақталған кітапсымақ сыяқты өте көптеген, амал қанша, батыс еуропалық елдердің, әсіресе, Америка Құрама Штаттарының рыноктарында қаптап кеткен қорыс кітаптардың осы жөнсіз және хауіпті саясаттың қызметіне қойылып отырғаны тегін емес.

Жоғарыда айтылғандай, деді бұдан кейін А. Я. Вышинский, Совет Одағы тапсырған қарар жобасының негізіне Англия мен Францияның 1954 жылғы 11 июньдегі ұсыныстары алынып отыр. Соның өзінде конвенцияда (договорда) осы жобада баяндалған негізгі қағидалар болуға тиіс деп көрсетілген. Бұл ұсыныстардың негізінен Франция мен Англияның 1954 жылғы 11 июньдегі тиісті ұсыныстарымен үйлестіндігі бұл қағидаларды қараудың өзінен айқын көрінеді.

Совет ұсынысының ағылшын-француз ұсыныстарынан ерекшелігі туралы айта келіп, А. Я. Вышинский былай деді: соғыс қажеттеріне бөлінген қаржыны азайту жайында совет ұсынысында былай делінген: мұндай қаржы да, қарулы күштер сыяқты, екі кезеңде 50 проценттен азайтылады. Ағылшын-француз ұсыныстарында соғыс қажеттеріне бөлінген қаржыны азайту туралы айтылмаған.

А. Я. Вышинский француз делегатына арнап сөйлеген сөзінде, «келісілген нормалар» деген терминнің 11 июньдегі ағылшын-француз ұсыныстарынан алын-

руды бір мезгілде жүргізуді ұсынды. Ағылшын-француз ұсыныстарынан басқаша, Совет Одағы атом қаруына толық тыйым салып, оны қару-жарақтан алып тастау әдеттегі қару-жарақтың келісілген нормаларының екінші бөлегін азайтумен бір мезгілде жүзеге асырылсын деп ұсынады.

Қару-жарақты азайтудың бірінші кезеңінде халықаралық бақылау комиссиясын құру туралы және екінші кезеңде, қару-жарақты келісілген нормалардың қалған 50 проценті мөлшерінде азайтқан кезде халықаралық тұрақты бақылау органын құру туралы ССРО ұсынысын түсіндіре келіп, А. Я. Вышинский былай деді:

Бақылау органының әдеттегі қару-жарақтарды бақылау үшін ғана емес, сонымен бірге атом өндірісін бақылау үшін де құрылуға тиіс екенін және мұндай орган құрудың атом, сутегі қаруын өндіруді тоқтату туралы және мұндай қаруды қару-жарақтан алып тастау туралы қарарлар қабылдаумен бір мезгілде жүзеге асырылуға тиіс екенін еске алмауға болмайды. Бұған дейін, яғни бір ғана міндет — қару-жарақ пен қарулы күштерді азайту жөнінде мемлекеттердің өздеріне алған міндеттемелерінің орындалуын қадағалау міндеті ғана жүктеліп отырған кезде, Совет Одағының қарарында ұсынылып отырғандай, жоғарыда көрсетілген міндеттері болатын халықаралық уақытша бақылау комиссиясы қыймыл жасауға тиіс.

А. Я. Вышинский сөзінің қорытындысында былай деп мәлімдеді: француз-ағылшын ұсыныстарын негізге алған өз ұсыныстарын енгізе отырып, совет делегациясының барлық бейбітшілік халықтар соңшалық жалынды талаппен ұмтылып отырған табысқа дәл осы жолда ғана қол жетеді, біздің 30 сентябрьдегі қарар жобамызда айтылған халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін нығайту туралы проблема сыяқты кәзіргі халықаралық жағдайдың осындай маңызды проблемасы жөнінде келісілген қарарларға жатуе Совет Одағы және БҰҰ-ға қатысушы бірқатар басқа елдер қалай ұмтылып отырған болса, басқа делегациялар да осындай талап көрсетіп, өз тарапынан осы жолға түседі деп сенгісі келеді. Бұл міндет — барлық халықтардың, бүкіл адамзаттың төл мүдделеріне қатысы бар ең маңызды, ең шұғыл міндет. Дәл кәзір осыны тануға сәйкес қыймыл жасайтын уақыт жетті. Біз саяси комитеттің осы маңызды міндетті ойдағыдай атқарып шығуын көздеп отырмыз.

**АРНАУЛЫ САЯСИ КОМИТЕТТІҢ МӘЖЛІСІ**  
НЬЮ-ЙОРК, 12 октябрь. (СОТА). Арнаулы саяси комитет кеше Бирфа олағы-

Румын Халық Республикасының Жоғарғы сотында

БУХАРЕСТ, 10 октябрь. (СОТА). Бүгінгі газеттердің хабарына қарағанда, 1954 жылғы октябрьдің 4-нен 8-не дейін Румын Халық Республикасы Жоғарғы сотының әскери коллегиясы айыпкерлер Василе Луканың, Александру Якобтың, Иван Шолимоштың және Думитру Черничиктің ісін қараған. Көптеген документтердің, айыпкерлердің түгелінен мойындауының және көптеген куәлардың берген жауабы негізінде сот мынаны анықтады: айыпкер Лука мемлекетке қарсы бағытталған контрреволюциялық топ құрған, бұл топ еңбекшілердің өкметін әлсірету, Румынияда социализм құрылысын сәтсіздікке ұшырату мақсатымен халық шаруашылығына іркі салу жөнінде белсенді әрекет жүргізген.

Кәзір анықталып отырғандай, Лука өзінің контрреволюциялық әрекетін 1918—1919 жылдарда, Венгриядағы пролетарлық революцияны жанышып, тұншықтыру жөніндегі соғыс отрядына өз ермімен кір-бының командирі болып, Трансильвания мен Венгриядағы буржуазиялық помещиктік езушілікті құлатуға тырысқан жұмысшылар мен шаруаларды қанға бояп жанышып, басуға тікелей қатысқан. 1924 жылы Румыния Коммунистік партиясының Брашовтағы ұйымына кіріп алып, Лука жергілікті сигуранцы (охранка) органдарымен тезінен байланыс жасайды, сөйтіп оған партияның астыртын жұмысы туралы хабарлап тұрады және көптеген революционерлерді оған ұстап береді. Сол жылдан бастап Лука сигуранцының жалдамалы агент-арандатушысы болады.

1928 жылы ол сигуранцыға Румыния Коммунистік партиясының өткізілгелі отырған IV съезі туралы хабарлайды, съезде сигуранцының тапсырмасын орындап, оған съездің қарарларын және оған партияның орталық комитеті мүшелерінің толық тізімін қоса басқа документтерді береді. 1929 жылы Лука сигуранцыға бір-ыңғай кәсіподақтардың Тимишоарадағы жалпы съезіне қатысушыларды қанға бояп азаптауға және кәсіподақтардың басшыларын тұтқындауға көмектесті. 1929—1930 жылдарда Лука коммунистік қозғалыстың ежелгі жауы, троцкистік агент — Марчел Паузердің (Луксийин) сатқын тобына көмектесу үшін сигуранцыдан материалдық көмек алады.

1944 жылғы 23 августан кейін Лука өзінің өткен уақыттағы дұшпандық әрекетін жасырып, мұқият бүркемелеп пар-

тиялық және мемлекеттік жоғары қызметке орналасып алған. Лука өзінің сатқындық мақсатын көздеп, контрреволюциялық элементтерді төңірегіне жыйнайды, сөйтіп өзінің финансе министрі және министрлер советі председателінің орынбасары болуын пайдаланып, оларды мемлекеттік маңызды қызметтерге белгілейді. Олардың ішінде жұмысшы табының ежелгі жауы және ірі буржуазия топтарымен тығыз байланысты құдікті іскер-сымақ А. Якоб, соғыс қылмыстысы И. Шолимош болды.

Еңбекші халықтың қас дұшпаны ретінде әрекет жүргізіп, Лука мен оның сыйбайластары өздерінің қылмысты әрекеттерін халық шаруашылығын бүлдіруге бағыттаған. Социалистік өнеркәсіп саласында олар кәсіпорындардың өндірістік жұмысына бөет жасады, бұл 1950 және 1951 жылдарда мемлекеттік жоспарларды орындауда елеулі қыйыншылықтар туғызды және мемлекет пен еңбекшілерге орасан зор зиян келтірді. Қылмыстылар жұмысшы табының еңбекші шаруалармен одағын әлсіретуге тырысқан, Лука мен Якоб салықтарды жыйнайтын қызметкерлерге капиталистік элементтерді қолдауға бағытталған нұсқау берген. В. Луканың директивасын орындап, орталық тұтынушылар одағы председателінің орынбасарлары бола отырып Черничик пен Шолимош кооперация органдарына жат және жау элементтердің орналасуына жол берген.

1951 жылдың аяқ кезінде айыпкерлер ақша реформасын жүргізуді сәтсіздікке ұшыратуға тырысқан.

Барлық айыпкерлердің айыпты екені процесте документтермен, нақтылы дәлелдермен, айыпталушылардың өздерінің мойындауымен және көптеген куәлардың берген жауаптарымен толығынан дәлелденді. Айыпталушылардың бәрі мемлекет пен еңбекші халыққа қарсы бағытталған аталған қылмыстарды жасаудағы өздерінің айыбын толығынан мойындады.

Румын Халық Республикасының Жоғарғы соты В. Луканы өлім жазасына, А. Якобты 20 жылға және И. Шолимошты 15 жылға каторгалық жұмыста болуға, Д. Черничикты үш жылға түрмеде отыруға үкім етті.

Ұлы ұлттық жыйналыстың президиумы сотталған Василе Луканың шағымын қарап, оны өлім жазының орнына өмір бойы каторгалық жұмыста болуға кесті.

Совет-Қытай бірлескен декларациясын бүкіл Азия құттықтауда

Индия баспасөздерінің Совет-Қытай келіссөздері туралы пікірлері  
ДЕЛИ, 14 октябрь. (СОТА). Пекиндегі Совет-Қытай келіссөздері туралы мазмұндама Индия баспасөздерінің көптеген пікірлерін тудырды. Делидің және провинцияның көптеген ірі газеттері Совет-Қытай келіссөздеріне басмақалалар мен түсініктер арнады.

«Индиан экспресс» газеті былай деп атап көрсетеді: «Азиядан шетелдік әскерлерді әкелу және оның барлық Азия елдері мен сауда қатынасын қапшына келтіру үшін қолайлы жағдай жасау, Корея жөнінде халықаралық конференция өткізуге шақыруы сыяқты талаптар жасаған»



Сурақтар қою заңды, сондықтан айқын-дап алу маңызды болатын сурақтар қоюды тек құттықтап қарсы алу керек.

Бірақ, бұдан бірінші сурақтар ғана заңды және бұл сурақтарды қоюшыға ұнайтын сурақтар ғана заңды деген ұғым тумайды, өйткені мұнда сынар-жақтықпен сурақтар қоюға болмайтын жақсы түсіну керек. Белгілі біреулер ғана сурақтар қоя алады, ал басқалары осы сурақтарға жауап беруге, соның өзінде өздерінің түсініп отырғанындай, тек сондай жауап беруге тиіс деп ойлауға болмайды. Менен сұрап отырғандықтан, менің жауап беруге тиіс екенімді қабылдауға мен әзірмін. Бірақ менің оппоненттерімнің де менің қоятын сурақтарыма өздерінің жауап беруі қажет екенін сезіп отырғанын, әрине, мен де түсінемін.

А. Я. Вышинский мынаны ерекше атап көрсетті: Бас Ассамблеяның осы сессиясына Совет Одағы енгізген ұсыныс талқыланып отырған проблеманы шешу жолында БҰҰ-ның бүкіл тарихында жасалған оның қайдағы бір тұңғыш қадамы болып табылады-мыс деп, істің жайын теріс ұғыну дұрыс болмас еді. Совет Одағы басқа елдермен көзқарасты жақындас-тыру жолдарын ешуақытта да іздестір-мейді-мыс деп санау дұрыс емес. Совет Одағы Бас Ассамблеяның дүниежүзілік жана соғыс хауіпін жою алатын және жа-па апаттың хауіпін жол бермейтін батыл шаралар қолдану жолына түсуін талап етіп келді, әлі де талап етіп отыр. ССРО өкілі Совет Одағының қару-жарақты азай-ту және жаппай қырып-жоюын қаруға тыйым салу жолындағы күресінің тари-хына толық тоқталды.

Совет қарар жобасында қарусызданды-ру жөніндегі халықаралық конференция туралы айтылмайды деген француз де-легатының сұрағына тоқтай келіп, Вышин-ский Совет Одағының мұндай конферен-ция өткізуді сан рет ұсынғанын, атап айтқанда 1954 жылғы 28 январьда Бер-лин кеңесінде ұсынғанын еске салды.

## Индия мен ҚХР арасында сауда келісіміне қол қойылуы

ПЕКИН, 14 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін Делиде Қытай Халық Республикасы мен Индия республикасы арасындағы сауда келісіміне қол қойылған. Қытай Халық Республикасының үкметі атынан келісім-ге сыртқы сауда министрінің орынбасары және қытай сауда делегациясының бас-шысы Кун Юань қол қойды; Индия үк-метінің атынан келісімге Индияның сауда және өнеркәсіп министрлігінің секре-тары Х. В. Р. Айенгар қол қойды.

Сауда келісіміне қол қоюмен аяқталған келіссөздер шын достық және өзара түсі-нісушілік жағдайында өтті. Келісім Ин-дия және Қытай Үкметтері мен халықтар-ы арасында кезірің өзінде бар достық-ты нығайту және теңправолылық, өзара

ның ішінде атом қаруы саласындағы жанталаса қарулануды үздік-кесілді тоқ-тату, адамзатты қырғын атом соғысы-ның қатерінен құтқаруға шұғыл шаралар қолдану жөнінде барған сайын күшейген талаптарына сай келеді.

Совет Үкметінің осы жылғы 22 сен-тябрьде Америка Құрама Штаттары үк-метінің атына жазылған, жоғарыда айтыл-ған ескертпе хатында атап көрсеткенін-дей, осы уақытқа дейін мұндай келісімге қол жетпей отырған жағдай мүдделі дер-жавалар арасында қажетті келісімге жету мақсатымен жұмсалатын күш-жігердің маңызын кемітпеуге тиіс.

Жұртқа мәлім, мұндай позицияның дұрыстығын Женева кеңесі де дәлелдеп берді, ол сонымен бірге мемлекеттер ара-сындағы келіссөздердің тиімді екенін де дәлелдеді.

Бірақ, мұндай келіссөздер қандай жағ-дайда тиімді болады?

Бұл мемлекеттер бейбітшілік пен хал-ықаралық хауіпсіздікті нығайтуға шын ниетімен мүдделі болғанда ғана тиімді болады, өйткені мұның өзі маңызды, жақ-сы нәтиже бере алады және оның үстіне Азиядағы, сондай-ақ Европадағы басқа да көптеген аса маңызды проблемаларды реттеуге көмектесе алады. Менің ойым-ша, мұның өзі кәзір мүлде даусыз мәсе-ле болып табылады.

Осы жолдан таймай, Совет Үкметі, кә-зір мәлім болып отырғанындай, мемлекет-тердің қару-жарағын азайту жөнінде және атом мәселесі жөнінде өзінің жана ұсыныстарын тапсыруды мүмкін деп тап-ты, бұл ұсыныстардың негізіне ол 1954 жылғы 11 июньдегі француз-ағылшын ұсыныстарын алып отыр. Бұл ұсы-ныстардың негізі міне осыдан. Біздің 1954 жылғы 11 июньдегі француз-ағылшын ұсыныстарын негізге алуға әзір болған себебіміз міне осыдан.

Мен сонымен қатар мынаны атап көр-сетуге тиісімін: бұл ұсыныстарда белгі-ленген программаның орындалуы мемле-

етіні еске салды. Алта кетелік, деді Со-вет делегаты бұдан кейін, бұл ұсыныстар-да 1952 жылдың дәрежесі туралы еш-нәрсе айтылмаған. Кәзір мен де Мок мырза мен Ллойд мырзадан былай деп сұ-рай алар едім: «Түсіндіріңіздерші, 11 июньдегі ұсыныстарда сіздер келісілген нормалар туралы айтып, дәрежелер тур-лы неліктен ескертпей отырсыздар?». Сіз-дер, мүмкін, былай деп санайтын шығар-сыздар: мұны талап ету ақылға сыймай-ды, жөн болмайды, келісілген норма табу үшін, яғни тиісті жақтар арасында келі-сілгендей норма табу үшін басқа жол-дар іздестіру керек деп ойлап отырған боларсыздар.

Мен сіздерді осы жолға түсуге шақыр-ған болар едім. Біз мұны қабылдаймыз. Біз сіздер ендігі жерде өз ұсыныстары-ңызды алауыздық тудыру жағына қарай күшейтпейді, қайта мұның керісінше, сіздер онан әрі мүмкін болатын алауыз-дықтарды, ажырасуға болатындай елеуіс нәрсені жоюға күш салады, сөйтіп, үйле-суге болатын елеулі нәрсені алға қояды деп күтіп отырмыз. Ал қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу мерзімдеріне келетін болсақ, делі бұдан кейін А. Я. Вышинский, бұл мерзімдер Совет Одағының ұсыныстарында жеткі-лікті түрде айқын баяндалған. Ағылшын-француз ұсыныстарында бұл мерзімдер тура белгіленбей, қайта бақылау органы-ның мәлімдемесіне байланысты етіліп отыр.

Бақылау органын құрудың және атом қаруына, жаппай қырып-жоюын қарудың басқа түрлеріне тыйым салудың бір мез-гілде жүргізілуіне тоқтай келіп, ССРО өкілі мынаны еске салды: тиісті кезінде кейбіреулер алдымен бақылау органын құруды, тек содан кейін атом қаруына тыйым салуды талап еткен болатын, ал, басқа біреулер — алдымен атом қаруына тыйым салуды, тек содан кейін бақылау органын құруды талап еткен болатын. Совет Үкметі атом қаруына тыйым салу-ды және тұрақты бақылау органын құ-

приборлар, машиналар, станоктар, қара және түсті металдан жасалған бұйымдар, мақтадан және джуттан жасалған бұйым-дар, велосипедтер, мото-транспорт құрал-дары, покрывкалар, носостар, ауылшар-уашылық құралдары, слюда және басқа товарлар бар.

Қытайдан Индияға экспортқа шығары-латын товарлардың тізімінде күріш, соя бұршақтары, станоктар, машиналар, ком-прессорлар, трансформаторлар, тоқыма станоктары, медицина станоктары, сурь-ма, графит, илавик шпаты, жібек және жібек бұйымдар, жүн, былғары және те-рі, химикалийлер, тунг майы және басқа товарлар бар.

ның чанкайшилік топтың тарапынан өз-не қарсы жасалған агрессиялық әрекетте-рі туралы берген шағымын қарауға кіріс-ті. Жұртқа мәлім, бұл мәселе Бас Ассамб-леяның VII және VIII сессияларында қар-алып, бұл сессияларда гоминдандық бан-даларды Бирманың территориясынан дереу әкетуді көздейтін қарарлар қабылдан-ған болатын.

Мәжілісте сөз сөйлеген Бирманың өкілі Баррингтон былай деп мәлімдеді: гомин-дандықтар Бас Ассамблеяның қарарларын әлі күнге дейін орындамай, Бирманың территориясында «6 мыңға жуық гомин-дандық әскерлер әлі де қалып отыр». Бирманың өкілі гоминдандық бандалардың Бирма территориясында отырғаны үшін бүкіл жауапкершілікті Тайваньдағы чан-кайшилік тәртіпке жүктеп, Бирмадағы го-миндандық бандаларға сырттан көмек көрсетудің қандайын болса да тоқтатуға шақырды. Баррингтон гоминдандық бан-далар тарапынан Бирмаға төнген қатердің әлі де жойылмағанына комитет мүшелері-нің назарын аударды және Біріккен Ұлт-тар «Бирма үкметінің төзуге болмайтын жағдайды жою мақсатымен қолдануға мәжбүр болатындай шаралардың қандайын болса да жүргізу жөнінде Бирманың үк-метін моральдық жағынан қолдайды» деген үміт білдірді. Бірақ, Бирманың өкілі еш-қандай нақты ұсыныстар енгізген жоқ.

Гоминдандық өзінің сөзінде фактілерді бұрмалап, Бирмадағы бандалардың әре-кеттері үшін чанкайшилік тәртіп ешқан-дай жауап бермейді-мыс деп дәлелдеуге тырысты.

Тайландтың өкілі Бирмадағы гоминдан-дық бандаларға жеткізілетін қандай да болса көмектің Тайланд арқылы өтуіне жол бермеуге Тайланд үкметі барлық ша-раларды қолданады деп, комитетті сен-дірді.

Комитет бүгін Бирма одағының шағы-мын онан әрі талқылайды.

## ИНДИЯ ЖӘНЕ ФРАНЦИЯ ҮКМЕТТЕРІНІҢ ИНДИЯДАҒЫ ФРАНЦУЗ ИЕЛІГІНДЕГІ ЖЕРЛЕР ТУРАЛЫ БІРЛЕСКЕН МАЗМҮНДАМАСЫ

ДЕЛИ, 14 октябрь. (СОТА). Индия ин-формациялық бюросы Индия және Фран-ция Үкметтерінің Индиядағы француз ие-лігіндегі жерлер туралы мәселе жөніндегі мазмұндамасын хабарлады. Мазмұнда-мада «екі үкметтің Индиядағы француз иелігіндегі жерлер туралы мәселені түп-кілікті реттеуге жетісу үшін шын тілек-тестігі» атап көрсетілген. Онан әрі маз-мұндамада «иеліктегі жерлердің сайлан-ған өкілдер жыйналысы мен муниципаль-дық Советтерінің барлық мүшелері екі үк-меттің иеліктегі жерлердің болашағы жө-ніндегі мәселені түпкілікті реттеу туралы екі үкметтің ұсыныстарын талқылау және осы ұсыныстар жөнінде халықтың еркін білдіретін қарар қабылдау үшін Понди-шере иелігіндегі территорияда 18 октябрь-де конференцияға жыйналады».

Газеттер әресе келіссөздердің достық сыйпатын атап көрсетеді және олардың нәтижесі Совет-Қытай қатынастарының онан әрі нығайып болып табылады деп есептейді. Мәселен, «Нейшл геральд» га-зеті 13 октябрьдегі басмақаласында былай деп жазды: «Совет-Қытай декларациясы Азия халықтарына әсер етпей қоймайды, өйткені, бұл декларациядағы саясат басқа халықтардың ісіне американдық қол сұ-ғушылыққа қарама-қарсы болып отыр».

Декларация ең алдымен Азия халықта-рына, оның ішінде американдық оккупа-цияның езушілігінен жапа көріп отырған және бостандық пен өз көршілерімен ын-тымақтастыққа ұмтылып отырған жапон халқына арналған.

Газеттер сол сыяқты Совет-Қытай маз-мұндамасында айтылған Азиядағы халық-аралық шиеленісті бәсеңдетуге бағыттал-ған ұсыныстарға баса назар аударуда.

## Бейбітшілік пен хауіпсіздіктің сенімді тірегі

ТИРАНА, 14 октябрь. (СОТА). «Зери и популит» газеті «Мызғымас Совет-Қы-тай достығы—дүние жүзінде бейбітшілік-ті сақтаудың кепілі» деген басмақаласын-да ССРО мен Қытай Халық Республикасы-ның арасындағы достық қатынастың жа-ңа типті қатынас пен тәуелсіз суверендік елдерді байланыстыратын туысқандық достықтың үлгісі болып табылатындығын атап көрсетеді.

Екі ұлы державаның достығы мен ын-тымақтастығының халықаралық маңызын айта келіп, газет былай деп жазады: соң-

мәселе болып табылады. Бұл екі шараны жүзеге асыру бұл аудандағы бейбітшілік-ті нығайтады деген тезисті ешкім де жоқ-қа шығара алмайды». Тайвань туралы мәселені айта келіп, газет былай деп жа-зады: «Формозаның Қытайдікі екендігі факті болып отыр».

«Трибюн» газеті өз тарапынан былай деп атап көрсетеді: дүние жүзіндегі бей-бітшіліктің мүддесі тұрғысынан корей проблемасы шындығында реттелуге тиіс және бұл мәселе Қытай Халық Республи-касының БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтірумен және Тайваньды өзі-нің заңды қожасы—Қытай халқына қай-тарумен байланыстырылуға тиіс.

«Женева кеңесінің атмосферасын қал-пына келтіру мүмкін болса,—деп жаза-ды» «Трибюн»,—онда корей жөнінде келі-сімге жету мүмкін емес деуге ешқандай негіз жоқ.

ғы жылдардың тарихы бұл достықтың Қы-тай Шығыстағы бейбітшілік пен хауіп-сіздіктің сенімді тірегі, сол сыяқты дүние жүзінде бейбітшілікті сақтаудың маңызды факторы болып табылатындығын көрсетті. Газет ССРО Үкметі мен Қытай Халық Рес-публикасы Үкметінің бірлескен деклара-циясы бейбітшілік сүйгіш халықтардың мүдделерін, Азияда және бүкіл дүние жү-зінде бейбітшілікпен хауіпсіздіктің мүд-делерін білдіретіндігін атап көрсетеді.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»  
(Екінші сериясы)

Сеанстар кешкі сағат 5-те, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»  
(Бірінші сериясы)

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

## ЖЫЙНАҚ КАССАЛАРЫНДАҒЫ ҰТЫСТЫ ВКЛАДТАР БОЙЫНША 1954 ЖЫЛҒЫ 9 ОКТАБРЬДЕ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ТӨРТИНШІ ҰТЫС ТИРАЖЫНЫҢ РЕСМИ ТАБЛИЦАСЫ

Ұтыстар Солтүстік Қазақстан облысындағы барлық жыйнақ кассаларындағы ұтысты вкладтар бойынша ашылған есептердің мына номерлеріне шықты:

Есеп №№	вкладтың орташа сомасына процент есебімен шыққан ұтыс	Есеп №№	вкладтың орташа сомасына процент есебімен шыққан ұтыс
29	50%	525	50%
67	50%	579	100%
96	50%	601	50%
153	50%	657	50%
178	50%	712	50%
228	100%	724	50%
253	50%	770	50%
306	200%	817	50%
333	50%	861	50%
390	50%	908	50%
428	50%	927	50%
462	50%	991	50%
514	50%		

Ашылған есептің саны 1 мыңнан асқан жыйнақ кассаларында бұдан кейінгі барлық мыңыншы есептегі номерлерге де бірінші мыңыншы есептегі номерлерге шыққандағыдай ұтыс яғни мынадай номерлерге: 1029, 2029, 3029, 1991, 2991, 3991 сол сыяқты есеп номерлеріне ұтыс шықты.

Тираж комиссиясының председателі  
Тираж комиссиясының жауапты секретары

**Ф. ПЕТРОВ.**  
**А. ОПАРИН.**